



Мереке құтты болсын!

8 НАУРЫЗ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

Құрметті ханымдар!
Ардақты аналар, аяулы арулар!

Бар тіршіліктің тұтқасын ұстап тұрған аналар, мейірімді әжелер, әдемі арулар!
«Кез келген мемлекеттің табыстары, оның мәдениетінің деңгейі мемлекеттің әйелге деген көзқарасы арқылы анықталады», – деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, әйелдің қоғамдағы рөлі ерекше. Өйткені отбасының құт-берекесі болған әйел жалпы елге де адал қызмет етеді. Бұл орайда «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде жарияланған ана мен баланы қорғау мәселелеріне жаңа көзқарас маңызды қадам болып табылады.

Ана қуанышы, әйел қуанышы – әр үйдің, отбасының, елдің мерейі. Сондықтан, біз әрдайым сіздерге басымызды иіп, тағзым етеміз. Өздеріңізге қамқор болу біздің парызымыз!

Құрметті ханымдар!

Ардақты аналар, аяулы арулар!

Сіздерді шуақ шашқан 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Мықты денсаулық, отбасыларыңызға ырыс-береке, баянды бақыт тілеймін!

Өмірлеріңіз жақсылыққа, қуанышқа толы болсын!

Мереке құтты болсын!

Жезқазған қаласының әкімі Қ. БЕГІМОВ
Қалалық мәслихат хатшысы С. МЕДЕБАЕВ

НӘЗІК ЖАНДЫЛАРҒА – ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ

Жақында ғана қала жұршылығына айқара есігін ашқан «Garden hall» мейрамханасының күміс залында нәзік жандыларға арнап ақ дастархан жайылды.



Әйел десе – бірден аналар ойға оралатыны анық. Ал ана – барлық жұмыр басты пенденің пір тұтатын тұлғасы. Ақындар анаға жырын арнағанда оларды нәзік гүлге, арайлап атқан ақ таңға теңейді. Жазушылар да ана туралы толғап жазғанда жанның түпкірінде жатқан сырмен бөліседі. Мүмкін содан болар аналардың, жалпы

қыз-келіншектердің мерекесі жайма шуақ көктемнің алғашқы күндерінде аталып өтеді. Аналар мерекесі қарсаңында қала әкімдігі әйелдер қауымына дастархан жайып, ерекше салтанатты жағдайда құттықтау игі дәстүрге айналған. Биыл да бұл шара өз жалғасын тапты. Мерекелік дастарханның басты қонағы – «Алтын алқа», «Күміс алқа»,

I, II дәрежелі «Ана даңқы» орденінің иегерлері, әр салада абыройлы қызмет етіп жүрген нәзік жандылар, ардагер ұстаздар, дәрігерлер, құқық қорғау саласының қызметкерлері, үкіметтік емес сектор өкілдері болды.

Шараның басты себепкерлерін қала басшысы Қайрат Бегімов құттықтады. Ол өз сөзінде бала тәрбиелеу секілді қиын да жауапты істі мұлтіксіз орындап келе жатқан аналарға алғысын жеткізді.

Қала басшылығымен кездесуге келген 100-ден аса ана батыр атағына лайық. Олар кем дегенде 5 баланы дүниеге әкелген. Олардың әрбірін тәрбиелеу, оқыту оңай шаруа емес екенін барлығымыз білеміз. Сондай-ақ, әр салада табысты еңбек етіп, ошағының түтінін түтетіп отырғандар бар.

Жиналғандарды депутаттар корпусы атынан қалалық мәслихат депутаты Хансейіт Бөлен құттықтады. Аналардың атынан көп балалы ардақты ана Қамила Бөлегенова мен Жезқазған қаласы аналар кеңесінің төрайымы Зинаида Чумакова сөз алды.

Мерекелік ақ дастархан басында ақ тілектер айтылды, ән шырқалды, би биленді. Т.Қалмағанбетов атындағы филармония өңірлік қаламыздың жас өнерпаздары өз өнерлерін көрсетіп, жиналғандарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА

Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ:



НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ЖАҢА СИПАТТАҒЫ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ МЕЙРАМҒА АЙНАЛУЫ ТИІС

Өткен сенбіде еліміздің Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында жұртшылықты Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін жаңа сипатта атап өтуге туралы үндеу жасады. Министр Наурыздың тойлануына қатысты ел арасында осыған дейін айтылып жүрген сын-пікірлерді ескеріп, мерекелік іс-шараларға заманауи реңк беріп, жаттандылық пен жасандылықтан арылуға, Наурыздың «өзіне сәйкес атрибуттарын қалпына келтіріп, фольклорлық-этнографиялық ауқымнан жалпы қазақстандық мереке дәрежесіне жеткізуге» шақырады. Министрдің бұл бастамасын Ұлыстың ұлы күні қарсаңында жергілікті шеңбуніктерге оңды ой салып, қалың бұқараны көктем мен жаңару мерекесін жаңа сипатта атап өтуге жұмылдыруға септесер деген ниетпен газетке жариялап отырмыз.

►► 2-Gemme

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

АДАЛДЫҚТЫ СЕРТ ЕТКЕН

журналистика ардагері Аманжол ҮСЕНТЕГІМЕН сыр-сұхбат



– Аманжол аға, қалыптасқан дәстүр бойынша әңгімені туып-өскен ортаңыздан, арман куаан жастық шақтағы арман-мұраттарыңыздан бастауыңыз қайтеді. Сіз осы Жаңаарқаның қай ауылында туыңыз?

– Еліміз Жаңаарқа болғанымен әкейдің қызмет жағдайына байланысты біздің үйдің балалары негізінде Қарағандыда туыпты. Әкем Мекебай міндетті ескер қатарында үш жыл қызмет атқарып келген соң көмірлі қаланың кен шахталарында құтқарушы болып істеген. Соғыс кезінде маңызды өндіріс саналғандықтан бронь беріліп майданға барудан босатылады. Ал әкейдің Қасым, Жомарт деген екі інісі әскери борышын өтеп

Жезқазған журналистика мектебі ардагерлерінің бірі Аманжол ҮСЕНТЕГІ 80 жасқа толып отыр. Табан аудармай мысты шаһарда тұрып келе жатқанына да 55 жыл болыпты. Жезқазған өңіріндегі еңбек жолын өткен ғасырдың 1964 жылы қалалық телестудияда бастаған ағамыз сексенінші жылдардың ортасында журналистік қызметін облыстық «Жезқазған туында» жалғастырды. Тілші, аға тілші болып қалам қарымымен танылды. Қалалық «Сарыарқа» газетінде жауапты хатшы да болып істеді. Мен осы басылымның бас редакторы болып жүрген кезімде Аужекенді бүкіл ұжым болып құрметтеп зейнеткерлікке шығарып салған едік. Кейін баспасөз саласындағы жолымыз аймақтағы «Мысты өңір» газетінде тағы да тоғысқаны бар. «Қазақмыстың» облыс аумағындағы ірі кәсіпорындарының барлығын талмай аралаған Аманжол Мекебайұлы осы басылымда жетістіктен асқанша еңбек етіп, шұрайлы тілмен жазылған мақалалары арқылы баспасөзде айшықты қолтаңбасын қалдырды. Өндіріс тынысын көрсетуге, еңбек адамдарының шынайы бейнесін жасауға айтарлықтай үлесін қосты. «Ақырын жүріп, анық басатын» Аужекеннің адалдығын аттағанын, ешкімді даттағанын көрмеппіз. Болмысында әділдікті ұнатады, өтірікті, ғайбат айтуды жаны сүймейді. Сексеннің сеңгіріне қол созған ағамызға құтты болсын айта отырып, кеңінен сырласып сұхбат құрғанды жөн көрдік.

жүргенде соғыс басталып майданға алынады. Сұрапыл майданда екеуі де опат болады. Осы жағдай себеп болып, дұшпаннан інілерінің кегін алғысы келді ме білмеймін, броньмен қалып, кен құтқарушы болып жүрген әкеміз өз еркімен сұранып 1944 жылы менің бес жасымда майданға аттанады. Отбасын Жаңаарқаға ағайындардың арасына көшіріп апарды. Кейін әкейдің де сұрапыл соғыста қаза тапқаны туралы қарақағаз алып, үйішіміз қара жамылды. Анамыз Бәукең жігерлі адам еді, көп егіле бермей ес жиыды. Бізді алаңсыз өсірудің қамын жасады. Қиын кезде колхоздың жұмысына жегілді.

Шешей Райымбек деген кісіден туады. Қазаққа белгілі Байдалы бимен аталас адамдар. Ер бала болмаған соң атын Бәукең қойып, еркін ұстап өзімен бірге ертіп жүреді екен Райымбек патшаның старшыны болған елге белгілі кісі. Романовтардың 300 жылдығында оқалы шапан киіп, марапатқа ие болыпты. Содан не керек, қазіргі Ақтүбек

оқуінің аумағындағы Қызылшоқы ауылының бастауы мектебінің табалдырығын аттады. – Ақыры нағашы жағныңызды ауызға алып қалдыңыз, өз аталарыңыз да жаратқанға сиынып, ақыретке шанаған жандар деп естіген ем. Әкеңіздің Мекебай атануы да тегін болмаса керек. Солай емес пе еді, Аужекен?

– Енді оқырманымыз тым өріге шығып кеткен екен деп жүрмесе, айта кетейін. Үлкен атамыз Мырзақей қажылыққа екі рет барыпты. Екінші рет аттанарында бәйбішесінен туған Үсеннің әйелінің, яғни әжеміздің аяғы ауыр екен. «Маған аян берді, осы сапардан мен оралмаспын. Келін аман-есен болса ұл бала туады, атын Мекебай қойындар» деп аманаттап аттанса керек. Айтқандайың, Мырзақей атамыз қажылық парызын орындап, теңіз жолымен қайтып келе жатқанда қайтыс болады. Әкеміздің есімінің Мекебай аталуының сыры осы.

►► 5-Gemme



АРУЛАР МЕРГЕНДІКТЕРІН СЫНАДЫ

Бүгінде әйелдер қауымы араласпайтын сала жоқ. Оларды үй шаруасы мен бала тәрбиесінен бөлек өндірісте де, бизнесте де, мемлекеттік қызметтің басшылық лауазымдарынан да кездестіруге болады. Қызметі қауіп-қатерге толы құқық қорғау саласынан жолықтырасыз. Қайта қазір осы салаға бет бұрып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін әйелдердің қатары артып келеді. Бір Жезқазған қаласының полиция басқармасында ер азаматтармен иық тіресе, құқық бұзушылықтың алдын алуға үлес қосып жүрген нәзік жандылардың саны – 29. Осы ретте, халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында Жезқазған полиция басқармасы әйел қызметкерлер арасында қару атудан жарыс өткізуді дәстүрге айналдырды.

Биыл дәлдік пен мергендіктің сайысына қатысуға 12 ару ниет танытқан. Оларға сәттілік тілеп, қолдау білдіру үшін Жезқазған полиция басқармасы басшысының орынбасары Исатай Кошжанов келді.

– Бейбіт заманда өз өмірлеріңізді бөйгеге, бастарыңызды қатергі тігіп, қоғамдық тәртіпті қалыптастырып, ел тыныштығын қорғауды өздеріңізге парыз еткен Сіздердің қайсарлықтарыңызға бас ие отырып, қажырлы еңбектеріңізге сәттілік тілеймін. Анттарыңызға адал болып, ел қорғанды деген атаққа дәйім лайық болғайсыздар. – деді Исатай Сақтайұлы. Бұдан соң, арулар қолдарына қару алып, жарысты бастап кетті. Сайыс қорытындысы бойынша Тоғжан Мұқанова нысанаға дәл тигізген 44 ұпаймен қарсыластарын артта қалдырды. 40 оқты межеге тигізген Олеся Котина жүлделі II орынға, 33 ұпай жинаған Құралай Аманжолова жүлделі III орынға жайғасты. Жеңімпаз аруларға құрмет көрсетіліп, марапат табысталды.

Бота ШАЛҚАР
Суреттерді түсірген
Ғалия ӘБДИПАПРОВА

SARYARQA-AQPAPAT

ҮКІМЕТ ИМПОРТТЫ АЗАЙТПАҚ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин отандық тауарлардың көлемін ұлғайтуға қатысты негізгі міндеттерді атады.

Үкімет басшысының айтуынша, жеті жылдан кейін импорттың үлесі 59 пайыздан 37-ге дейін түседі. Есесіне отандық тауарлардың көлемі артады. Осыған байланысты өңдеуші кәсіпорындары өртарапандыру шаралары жалғасады.

– 2019-2025 жылдары аралығында 300-ге жуық жоба іске асатын болады. Болжамға сәйкес, 2025 жылға қарай қарапайым заттар экономикасы тауарларын өңдеу көлемі 4 триллион теңгеден 9 триллион теңгеге дейін ұлғаяды. Сол кезде бүкіл Қазақстан бойынша 16 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны құрылады. Бұл – аса маңызды әлеуметтік-экономикалық міндет, – деді А.Мамин.

Айта кетейік, өткен жылы Ақордада өткен жиында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев екінің деңгейлі банктерге қосымша 600 миллиард теңгені бөледі тапсырған болатын. Аталған қаржыға өңдеу өнеркәсібі мен шикізаттық емес экспортқа арналған жобаларды қаржыландыру қажет.

– Отандық кәсіпорындар экспортқа басымдық беруі керек. Халық жиі тұтынатын тауарларды көптеп шығарып, қарапайым заттар экономикасын ойлау қажет. Әрбіреуі өз міндетін орындап, басқа нарықтарға шығуға тырысуы шарт. Соның арқасында экспорттық әлеуетімізді ғана емес, ішкі нарықты да отандық тауарлармен толтыра аламыз, – деген болатын Н.Назарбаев.

ЖЕРГІЛІКТІ ЖОЛДАРДЫ ҚАРЖЫЛАҢДЫРУ ЖЫЛ САЙЫН 200 МЛРД ТЕҢГЕГЕ АРТАДЫ

Бұл туралы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Скляр Үкімет отырысында айтты.

– Бәсекеге қабілеттілік глобалды индексіне автомобиль жолдары жағдайының рейтингі бойынша еліміз 59-орында. Сонымен бірге, арнайы сауалнама көрсеткендей халықтың жергілікті жолдардың жағдайына қанағаттану деңгейі 106-шы орында тұр. Осыған байланысты, Мемлекет басшысының аймақаралық инфрақұрылымды жүйелі дамыту бойынша тапсырмасын орындау мақсатында жергілікті желідегі автожолдарды қаржыландыру 2018 жылы 156 млрд теңгеге дейін жеткізілді. Бұл қаржы 4 мың шақырымнан астам жолды жөндеуге мүмкіндік берді, – деді Роман Скляр.

Министрдің айтуынша, еліміз биылдан бастап қымбат күрделі жобалардан үнемді орташа жөндеуге өтеді.

– Мемлекет басшысының Nur Отан партиясының съезіндегі жергілікті жолдарды дамытуға қосымша қаржы бөлу тапсырмасын орындау аясында қаржыландыру жыл сайын 200 миллиард теңгеге артады. Осындай қарқын келесі жылдарда да сақталады. Бұл 2025-ші жылға дейін шамамен 35 мың шақырым жолды жөндеуге және 95% жергілікті маңызды автожолдардың жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді, – деді Роман Скляр.

ЕҢ ТӨМЕНГЕ КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІ – 27 111 ТЕҢГЕ

2019 жылғы ақпанда ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 27 111 теңгені құрады. Бұл туралы Статистика комитеті хабарлады.



«Негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларынан есептелген орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 2019 жылғы ақпанда 2018 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2,5%-ға жоғарылады», – делінген комитет мәліметінде.

Оның құрылымында ет пен балықты сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі – 20,5%, сүт, тоқ май өнімдері мен жұмыртқаны – 16,4%, жемістер мен көкөністерді – 8,4%, нан және жарма өнімдерін – 7,5%, қант, шай және дәмдеуіштерді 2,2%-ды құрады.

OLSHEM.KZ САЙТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Жаңа ресурс – жобаға қатысып отырған 25 порталдың Қазақстанда кәсіби және ашықтық деңгейі жоғары нарықты құру бағытындағы ұмтылысының нәтижесі.

Отандық нарық үшін жаңа ресурс – oishem.kz сайты деректер аналитикасы саласындағы Chartbeat атты озық компаниямен бірлесіп отырып жүзеге асырылды. Компанияның қызметтерін АҚШ медиа нарығының 75%-ы қолданады. Ашық, айқын әрі кәсіби медиа нарығын қалыптастыру мақсатында жетекші қазақстандық интернет-басылымдардың бірлескен шешімі ретінде құрылған бұл веб-сайт өз жұмысында ең үздік халықаралық стандарттарды қолданатын болады.

Chartbeat технологиялары отандық БАҚ-қа өз оқырмандарының шынайы қажеттіліктерін ескере отырып, бизнес үдерістерді орнатудың арқасында жарнама берушілерді кеңінен тартуға мүмкіндік бермек. Заманауи құралдар мен озық технологияларды қолдану журналистика сапасын көтеріп, отандық БАҚ нарығының кәсіби деңгейін өсінуіне әкелмек.

– Қазақстан тарихында тұңғыш рет 25 отандық интернет БАҚ оқырмандармен және жарнама берушілермен өз қарым-қатынасында адалдықты ұстанатындығын ашық түрде көрсететін болады. Chartbeat технологияларының арқасында олар статистикалық көрсеткіштерін соның ішінде бұған дейін беймәлім болып келген көрсеткіштерді де жария етпек. Бұл оқырмандардың қажеттіліктерін тереңрек түсініп, аудиторияны тарту, қазақстандықтар үшін шынымен де маңызды әрі қажетті репортаждар мен лонгирдтерді дайындауға бағытталған көбірек контентті жасап шығару үшін қазақстандық журналистерге арналған бірегей мүмкіндік, – деді Chartbeat жобасы Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Михаил Дорощев.

Oishem.kz ресурсы жарнама нарығы мен жобаға қатысатын порталдардың оқырмандар аудиториясы жайлы шынайы ақпарат алуға мүмкіндік бермек. Chartbeat сервистерін қолданатын медиа ресурстар жарнама нарығымен әрі нақты аналитикамен бөлісетін болады. Олар контент сапасын жақсартыды. Сервис қатысушылар арасында кәсіби қатынастарды құруға көмектесіп, редакциялық саясатта метрикалардың кеңінен қолданылуына жағдай жасамақ.

30 % ӨСІМ: БЮДЖЕТТІК САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ ҚАЛАЙ АРТАДЫ?

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биыл бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы 30 пайызға көтеріледі. Бұл жерде аталған үстемақы тек айлығы төмен мамандарға ғана берілетінін ескерген жөн. Ал бұл қалай жүзеге асады? Парламент депутаттары қазіргі заңнамада «бюджеттік сала қызметкерлерінің ең төменгі жалақысы» деген ұғымның анықтамасы жоқ екенін айтқан болатын. Сол себепті нақты қай мамандардың айлығын көтерілетіні әлі де нақтылауды қажет етеді. Дегенмен, бірқатар министрліктер кімдердің жалақысы қай мөлшерде өсетінін белгілеп қойған секілді. Нақты мамандықтар да аталып жатыр. Осыған орай, ҚазАқпарат әзірлеген сараптаманы назарларыңызға ұсынамыз.

Білім саласында кімнің айлығы өседі?

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес, ағымдағы жылы 1 шілдеден бастап төмен айлық алатын бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы 30 пайызға көтерілуі шарт. Бірақ қазіргі заңнамада бюджеттік сала қызметкерінің төменгі жалақысы жайында ештеңе жазылмаған. ҚР Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары, депутат Владимир Божконың айтуынша, Елбасы тапсырмасын жүзеге асыру үшін ондай жалақының нақты мөлшерін анықтап алу қажет.

– Мәселен, мен ішкі істер органдарына жұмысқа көлгенде төменгі жалақы 28 000 теңгедің болды. Қазір өрт сөндірушілер 50 000 – 60 000 теңгені айналасында алады. Ал еңбек өтілі барларға 110 000 – 120 000 теңге беріледі. Сонда бюджеттік сала қызметкерінің ең төменгі жалақысы қандай? Оны қалай есептейміз? Заңмен ондай көрсеткіш бекітілмеген. Мен өзім көрген жоқпын. Қазір қаржы министрлігі оны анықтап жатқан шығар. Ең төменгі күнкөріс деңгейін ала ма? Басқа бір көрсеткіш негізге ме? Ең бастысы, жалақы көтерудің тәртібін анықтап алуымыз қажет. Енді, 1 триллион теңге Ұлттық қордан бөліне, бюджет туралы заңнамаға өзгеріс енгізуге тура келеді. Демек, олар (ҚР Қаржы министрлігі – ред.) бізге келеді. Сол кезде бюджеттік сала қызметкерінің жалақысын өсірудің нақты тәртібі де, ол үстемақыны алатын азаматтардың санаттары да белгілі болады, – дейді В.Божко.

Әйтсе де, Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін өткен Үкімет отырысында бірқатар мемлекеттік орган басшылары өз есеп-қисаптарын жариялап, нақты қай мамандарға жалақыны 30 пайызға көтеретінін де жариялады. Мәселен, ҚР Білім және ғылым министрі Күләш Шәмшидинова өз саласына қатысты мыңдаған қызметкерлердің жалақысы өседі деп отыр.

– Білім беру саласындағы жалақысы төмен қызметкерлердің еңбекке асынуы ұлғайту дифференциалды түрде 30 пайызға дейін жүзеге асатын болады. Бұл ретте білім саласында 500 мыңға тарта адамның жалақысы өседі деп күтілуде. Олардың қатарында мектепке дейінгі ұйымдар мен интернаттардың тәрбиешілері, олардың көмекшілері, методистер, әлеуметтік педагогтар, балабақша мен колледж психологтары, қосымша білім беру ұйымдарының қызметкерлері, кітапханашылар, вожатыйлар, бухгалтерлер, іс жүргізушілер, еден жуушылар, күзетшілер, от жағушылар, сантехниктер мен электриктер сияқты басқа да техникалық қызметкерлер бар. Қазіргі кезде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен қызметкерлердің санаттарын және жалақысын арттыру көлемін нақты анықтау жұмыстары жүргізілуде, – дейді Күләш Шәмшидинова.

Айта кеткен жөн, осы жолғы 30 пайыздық үстемақы – бұған дейінгі 30-50 проценттік қосымша ақыдан бөлек. Былтырғы Жолдау кезінде Мемлекет басшысы білімнің жаңа мазмұны бойынша сабақ беретін мектеп мұғалімдерінің жалақысын 30 процентке көтеруді тапсырған болатын. Осылайша, өткен жылы 1, 2, 5 және 7-сынып мұғалімдерінің айлығы көтеріле, қыркүйекте 3, 6 және 8-сынып ұстаздарына жалақыны үстемақымен алуға мүмкіндік берілді. Биыл жаңа оқу жылымен 4, 9 және 10-сынып мұғалімдерінің жалақысы көбейеді. Ал 2020 жылы 11-сынып мұғалімдерінің айлығы артады деген жоспар бар. Бұдан бөлек, аттестацияның қорытындысы бойынша 50 процентке дейін үстемақы алуға мүмкіндік бар. Ал бұл жолғы айлығы төмен педагогтар және осы салада жұмыс істейтін басқа да мамандар 30 проценттік үстемақы алады.

Денсаулық саласында үстемақы кімге бұйырады?

ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың

Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ:

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ЖАҢА СИПАТТАҒЫ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ МЕЙРАМ АЙНАЛУЫ ТИІС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Наурыз – әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. «Наурыз» жаңа күн деген мағынаны береді. Наурыз мерекесі 1991 жылы 15 наурызда Қазақстан Президенті Жарлығының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болып, 2009 жылдың 24 сәуірінде наурыз айының 21, 22, 23 күндерінде «Наурыз мейрамы» деген атақ берілді. Нақ, осы күннен бастап, республикамызда Наурыз мейрамы кеңінен атап өтіле бастады.

НАУРЫЗ – ЖАҢА ФОРМАТТА
Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Жыл басы Наурызбен бірге ызғарлы қыстың орнын шуақты көктем басып, тіршілік қайта түлейді. Бұл күні адамдар баулық көзін ашып, тал еккен, жоқ-жітікке жәрдемдескен. Алыс кеткен ағайын қауышқан, араз жандар татуласып, қайта табысқан» деп, Наурыздың тәлімдік әрі тәрбиелік мазмұнын ашып көрсетіп берді.

Енді заман талабына сай Наурыздың форматын түбегейлі өзгерту қажет. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбие, қадір-қасиет беретін түрлері өте ерекше. Сондықтан, Наурыз мейрамына жаңа реңк беру үшін, адамның ұлттың, дини бағыныстылығына қарамастан, адамгершілік құндылықтарға мән бере отырып, Қазақстан халқы түгел қамтылатындай мазмұнын жасау керек.

Ел арасында «Наурыз мерекесі бұқаралық сипаттан ажырап, сахналық кейіпке еніп, аздаған жұртшылықты қызықтауына ғана айналған фольклорлық қойылым көрінісін аспайды» деген пікір қалыптасты. Сондықтан мерекенің өзіне сәйкес атрибуттарын қалпына келтіріп, фольклорлық-этнографиялық ауқымнан жалпы қазақстандық мереке дәрежесіне жеткізген жөн. Мерекеді бақылаушылар болмайды, бәрі де қатысушы.

Наурыз мерекесінің негізгі мағынасы – ҰЛТТЫҚ НАМЫС пен РУХАНИ БОЛМЫСЫМЫЗДЫ ЖАҢҒЫРТУ.

Сондықтан да Наурызға іргелі ізденістер мен тарихи, әрі заманауи шаралар керек. Мұның бірнеше жолы бар. Атап айтқанда: **БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – БҮЛДІРШІНДЕР**

Жаңа жылда Аяз Атанын, Рождествода Санта-Клаустың сабилерге сыйлық беруді, отбасы мүшелерінің бір-біріне тарту-таралғы жасауы сияқты дәстүрдің берік орнығуы бұл мерекелерді халыққа барынша жақындатқаны мәлім. Жаңа жылдан әрбір бала тосын жаңалықтар күтеді. Наурызда да балалардың өсіне қалатындай мереке сыйлағанымыз жөн.

Демек, Наурызда тойлау арқылы біз бар жақсылығымызды, шаралатымызды бүлдіршіндерге арнауымыз керек.

Қазіргі заманға лайықтап, шоқолдан көмкеріп, көрнекі қалтамасын жасап, кез тартар қорпақа салып, ұлттық тағам аясында өзіндік жент, талқан, балқаймақ, кілегей, құрт, сүзбе, уыз, ірімшік және тағы басқаларын әдемі де шақты етіп әзірлеу процесін жолға қоюын мезгіл жетті.

НАУРЫЗ КАННИКУЛЫ

Мысалы, күнтізбелік Жаңа жыл – 1 қаңтар өзінің мықты идеологиясымен, сан

дәрігерлер жалақысын көтеремін дегеніне біраз уақыт болды. Былтыр министр мырза ауруханалардың басшылық аппаратын қысқартып, соның есебінен медицина қызметкерлерінің айлығын арттыру мәселесін көтерген еді. Бірыңғай норматив те енгізілді деп айтқан. Соның аясында ауруханалар мен емханаларды өзара біріктіріп, әкімшілік штатты барынша қысқарту қарастырылған. Осылайша, бюджеттің біраз қаражатын үнемдеуге болады екен. Ал ол ақшаның есебінен қарапайым медициналық жалақысын көтеруге мүмкіндік болады.

Бірыңғай нормативке сәйкес, аудандық ауруханаларда мамандардың саны артады. Негізгі мақсат – ауыл халқына сапалы әрі кәсіпалды медициналық қызмет көрсету. Алайда әрбір мекеменің штаты халықтың сұранысына, науқастардың орташа санына сәйкес болады. Қалаларда мультибейінді ауруханаларды құру жұмысына басымдық беріледі. Осылайша, медициналық қызметтің тиімді жүйесі құрылады. Ал жеке-дара жұмыс істейтін емханалардың саны бірте-бірте 360-тан 105-ке қысқарады. Бұл дегеніміз, ауруханалар өзара бірігіп, көпбейінді медициналық мекеме ретінде жұмыс істейтін болады.

– Біз үш бас дәрігердің орнына бір бас дәрігерді қоямыз. Қазір бір бас дәрігер айына 300-400 мың теңге алады. Оған қоса, орынбасарлар, бухгалтерия және тағы басқа әкімшілік шығыстар бар. Соның бәрін қысқартудың арқасында жыл сайын 10,7 млрд теңгені үнемдеуге мүмкіндік бар. Әрине, үнемделген ақшаны қарапайым медикелер мен дәрігерлердің жалақысына жіберуге болады, – деген еді Елжан Амантайұлы.

Ал осы жолғы Мемлекет басшысы нақты тапсырма берді. Медикелер сияқты төмен жалақы алатын бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы 30 пайызға өсуі тиіс. Бұл ретте ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің есеп-қисабына сәйкес, 1 шілдеден бастап 225 мыңнан астам медицина қызметкерлерінің жалақысы көтеріледі.

– Мысалы, мейірбикенің орташа жалақысы 76 мыңнан 100 мың теңгеге дейін көтеріледі. Ал кіші медициналық персоналдың айлығы 48 мыңнан 64 мың теңгеге артады. Оған қоса, жоғары сұранысқа ие мамандықтар бойынша дәрігерлердің жалақысы да ұлғаятын болады, – дейді министр Елжан Біртанов.

Айта кетерлігі, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті халыққа барынша қолжетімді болуы үшін алдағы үш жылда 595 амбулаториялық мекеме салынады. Соның 577-сі ауылдарда, 18-і қалаларда бой көтереді. Денсаулық саласына бөлінетін қосымша 120 миллиард теңгенің қай жобаларға жұмсалатыны да анықталды.

– Мемлекет басшысының денсаулық сақтау саласын дамытуға қосымша 120 миллиард теңгені бөлу тапсырмасы аясында еліміздің 7 өңірінде 10 аурухана салынады. Бұл ауруханалар тозған және ескі ауруханалардың орнына салынатын болады. Осының арқасында жылына 100 мыңға жуық пациент және стационарлық технологияларды пайдаланып, сапалы ем-дом алады, – деді Елжан Біртанов Үкімет отырысында.

Аталған нысандардың барлығы бірыңғай нормативпен салынып, бас дәрігерлердің саны көбейіп кетпейді деген сенім бар.

Мәдениет пен спорт саласында қандай өзгеріс болады?

Мәдениет пен спорт саласының қызметкерлері де жалақының көтерілігін күтіп отыр. Себебі мұғалімдер мен дәрігерлермен салыстырғанда, мәдениет пен спорт саласында еңбек ететін қызметкерлер әлдеқайда төмен айлық алады. ҚР Мәдениет, спорт пен туризм қызметкерлерінің кәсіподақ төрайымы Светлана Иманқұлованың айтуынша, Үкіметтің №1193 қаулысында базалық жалақы 17 769 теңге деп белгіленген. Содан университетті бітіріп келген жас әртістердің базалық



жалақысына қосымша айлық жазылып, 30-35 мың теңге көлемінде ғана айлық беріледі. Осыдан кейін жас әртістер табысты басқа көздерін іздейді.

– Жаңадан бітіріп келген жас мамандарға санат берілмейді. Әйткені олардың еңбек өтілі жоқ. Ал аттестаттау ережесі бойынша олар кемінде бір-екі жыл еңбек етуі керек. Содан кейін оларға бірінші, екінші немесе үшінші санат беріліп, базалық лауазымдық жалақыға қосымша үстемақы қосылып отырады. Филармонияда, басқа да театрда еңбек ететін жастардың айлығы 32-35 мың теңгені құрайды, – дейді кәсіподақ басшысы.

ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев та қызметкерлерді алдымен аттестацияны өткізуді көздейді. Соның есебінен жалақыны көтереміз дейді.

– Қазір біздің негізгі мақсатымыз – аттестация өткізу. Осыдан кейін қысқартудың есебінен жалақыны көтеріміз керек. Содан кейін формаман айналысамыз. Біз үшін алдымен полициядағы жағдайын жасап алу қажет. Жаңа форманы сосын да қарай береміз. Екі айдан кейін аттестация басталады, – деді Ерлан Тұрғымбаев журналистерге берген сұхбатында.

Жалпы ҚР Ұлттық экономика министрлігінің мәліметіне сенсек, республика бойынша 643 407 бюджеттік сала қызметкерінің жалақысы көтеріледі. Олардың ішінде әлеуметтік жұмысгерлер, кітапханашылар, орманшылар, ветеринар дәрігерлер, іс жүргізушілер, аула сыпырушылары, техникалық персонал және тағы басқа жұмысшылар бар.

– Мысалы, орташа жалақы 69 мың теңгені құраса, енді ол 90 мың теңгені құрайды. Ол үшін қосымша 459,5 миллиард теңге қажет. Соның ішінде 2019 жылда 90,7 миллиард теңге бөлу керек, – дейді Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов.

Айтпақшы, Президент жергілікті жерде жұмыс істейтін әкімдік қызметкерлерінің жалақысын да 25 пайызға көтеруді тапсырды. Аталған шараға 78 мың адам ілігізді екен. Олар – жергілікті жерде жұмыс істейтін мамандар. Негізінен, сарапшылар, жетекші мамандар және бас мамандар. Мысалы, егер бас мамандың орташа жалақысы 84 мың теңгені құраса, енді ол 100 мың теңге алатын болады.

ҚазАқпарат

Ұақыты	Бұрынғы кесте		Жаңа нұсқа	
	III тоқсан	IV тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
10 қаңтар мен 24 наурыз	1 сәуір мен 24 мамыр	10 қаңтар мен 14 наурыз	24 наурыз мен 24 мамыр	
2 ай 14 күн	2 ай 14 күн	2 Ай 4 КҮН	2 Ай 1 КҮН	
74 күн	54 күн	64 КҮН	61 КҮН	

Каникулдар арасындағы жиілік

Ұақыты	Бұрынғы кесте		Жаңа нұсқа	
	III тоқсан	IV тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
10 қаңтар мен 24 наурыз	1 сәуір мен 24 мамыр	10 қаңтар мен 14 наурыз	24 наурыз мен 24 мамыр	
2 ай 14 күн	2 ай 14 күн	2 Ай 4 КҮН	2 Ай 1 КҮН	
74 күн	54 күн	64 КҮН	61 КҮН	

НАУРЫЗ НЫШАНЫ

Жауқазын, бәйшешек немесе қызғалдақ Наурыздың атрибуттық белгісі, эмблемасы ретінде бекітіліп қажет етеді. Себебі кең байтақ еліміз «қызғалдақтың отаны» екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген. Елбасының «Ұлы даланың желі қыры» атты мақаласында: «Қазақстан аумағындағы Шу, Іле тауларының өтпегінен әлі күнге дейін жергілікті өсімдіктер әлемінің жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады. Бұл асем өсімдіктер біздің жерімізде Тянь-Шань тауларының өтегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болған. Қазақ топырағындағы осынау қарапайым, сондай-ақ, ерекше гүлдер өз әлемімізмен көптеген халықтың жүрегін жаулап, біртіндеп бүкіл өлкеме тарайды» деп баса айтқан болатын. Адамзатқа әдімілік сыйлап жүрген қызғалдақтың өлемде 3 мыңнан астам түрі бар десек, елімізде оның 35 түрі өсетіні белгілі. Өз жерімізді танытатын гүлді атрибуттық белгі ретінде бекіту арқылы өзіміздің құндылықтарымызды бағалайтындығымызды көрсетіптеміз.

Сондай-ақ, гүлден ерекше сұлулықпен бірге адам нәр алады. Гүл тұрған жерде биік сөзім пайда болады. Мереке күні аналарға, қыз-келіншектерге гүл сыйлау келіндерге құштарлық сыйлайды. Бұған қоса мекемелер, көшпелер, сабақтар жауқазын гүлімен көмкеріліп, аббатандырылса нұр үстіне нұр. Сол арқылы біз Еуропада ерекше күстерленетін голланд қызғалдағының түпкі отаны қазақ еліміз екенін де ұрпақ санасына сіңіре түсер еді.

НАУРЫЗ СИМВОЛИКАСЫ

Күн мен түннің теңелуі – астрономиялық көктемнің тууы. Астрономдардың тілімен айтар болсақ, бұл кезде Күннің орталығы өз қозғалысы барысында Жер экваторын кесіп өтеді. Ғылымда көктем

туатын мезгілді түрліше шамалау әдісі қалыптасқан. Күн қозғалысына негізделген есеп бойынша нағыз көктем осы – КҮН мен ТҮННІҢ (21-нен 22-не қараған түні) теңелу сәті. Тұн ортасы ағанда жаппай ЖАҢА КҮНДІ қарсы алу дәстүрін түлентініміз абзал. Елбасы өз сөзінде «Халқымыз қашан да жаңа жылдан жақсылық күтіп, келер күннен үмітін үзбеген. Бүгінгі болшағымын байланыстыратын бар ізгіліктің бастауын игі ниетпен іздеген. Сондықтан тіршілік жаңаратын наурызда әр адам жақсылыққа инетуі тиіс» деген. Ендеше жарықтаны ұзаратын күн нұрының мөлғаынан ЖАҢА КҮННЕН үлкен де, кіші де жақсылық тілейтін.

БАСҚА ХАЛЫҚТАРҒА ҚАРАҒАНДА, ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ

ТАБЫС пен ТҰРМЫС

ҮКІМЕТ ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУҒА КІРІСТІ

Nur Otan партиясының XVIII съезінде Елбасы қойған тапсырмаларды орындау мақсатында Премьер-Министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында алда атқарылатын жұмыстардың жай-жапсары қаралды.

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫН КӨТЕРУ: Білім беру саласының жалақысы төмен 500 мың жұмысшысының еңбекақысы дейін артады. 30%-ға дейін артады. Аа

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ: - 2019-2021 жылдары мектептер, колледждер мен жогары оқу орындарында жұмыс істейтін 244 мың педагогикалық қызмекерлердің біліктілігі артады; - 2020 жылдан бастап жыл сайын ағылшын тілін меңгерген кемінде 1000 түрлі пән мұғалімдері даярланады; - 4 мың мұғалім мен колледж шеберлері қайта даярлықтан өтеді.

Әлеуметтік көмек көлемі артады Съезде Елбасы аз қамтылған және көпбалалы отбасылар тобына атуалы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәртібі жайында елеулі мемлекеттік бастамалар ұсынғаны белгілі. Халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамалар барысын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев кеңінен баяндады. Оның айтуынша, 1 шілдеге дейін ең төменгі күнкөріс деңгейі 14 849 теңге болады. Ал, 1 шілдеден бастап бұл 20 789 теңгеге көтеріледі. Яғни, егер аталған көмекті осы уақытқа дейін 571 мың адам алып келсе, енді ол 260 мыңға көбейіп, 830 мың қазақстандық үшін атуалы әлеуметтік көмек алуға мүмкіндік тұмақ.

Министр атаулы әлеуметтік көмекті дайындау үшін отбасылардың жиынтық табысына да өзгеріс орын алатынын айтты. - Атаулы әлеуметтік көмек тағайындаған кезден бастап, яғни 1 шілдеден кейін отбасының жиынтық табысынан көпбалалы отбасыларға, «Күміс алқа» және «Алтын алқа» тәселбелігерімен марапатталған көпбалалы аналарға мемлекеттік жәрдемақылар, сондай-ақ, балаларға арналған мүгедектігі үшін берілетін жәрдемақылар, стипендия алынып тасталады, - деді Б.Сапарбаев. Министрдің айтуынша, аз қамтылған отбасының балаларына берілетін жәрдемақы қазір 4 834 теңге болса, 1 шілдеден бастап 20 789 теңгеге жетеді. Ол 18 жасқа дейін төленеді. Егер ол балалар оқитын болса, онда 23 жасқа дейін төленеді. Оған қосымша ата-анасының табысы күнкөріс деңгейінен төмен болса, онда да оларға қосымша жәрдемақы төленбек. Мүгедектігі бар балаларға және 18 жастан асқан, бала кезінен бірінші топтағы мүгедектігі күтімі үшін 100 мың азаматтың жәрдемақысын 31,1 мың теңгеден 41,6 мың теңгеге арттыру жоспарланып отыр. Министр әлеуметтік көмекті тағайындаған кезде халыққа ыңғайлы жағдай жасап, адамдарды бекерден-бекер сандалтпау үшін талап етілетін құжаттар саны азайтыны айтты.

Енді осының барлығы қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан «е-халық» жүйесімен жүзеге асырылады. Кейбір мәліметтер жоқ болса, ата-ананың келуіне керекі жоқ. Жергілікті жерлердегі жұмыспен қамту орталықтары, әкімшіліктер тиісті мемлекеттік органдарға сұрау жасап, өздеріне тиісті мәліметтерді алады, - деді Б.Сапарбаев.

Білім беру саласында алға қойылған міндеттерді орындау бойынша Білім және ғылым министрлігінің жоспарлары мен міндеттерін министр Күләш Шәмшидинова баяндады. Оның айтуынша, алдымен білім беру саласындағы жалақысы төмен қызметкерлердің табысын ұлғайту, орта білімде реформаны нақты түрде іске асыру, сондай-ақ, озық жоғары оқу орындары мен заманауи колледждерді анықтауға қатысты бірқатар міндетті орындау қажет.

Білім саласындағы жалақысы төмен қызметкерлердің еңбекақысын ұлғайту дифференциалды түрде 30 пайызға дейін жүзеге асады. Бұл саладағы 500 мың адамның жалақысы өседі. Олардың қатарында мектепке дейінгі ұйымдар мен интернаттардың тәрбиешілері және олардың көмекшілері, әдіскерлер, әлеуметтік педагогтар, балабақшалар мен колледждердің психологтары, қосымша білім беру ұйымдарының қызметкерлері, кітапханашылар, тәлімгерлер, бухгалтерлер, іс жүргізушілер, аула тазартушылар, күзетшілер, пеш жағушылар, сантехниктер мен электриктер және тағы басқалары бар, - деді К.Шәмшидинова.

Білім және ғылым министрлігі келтірген мәлімет бойынша білім беру сапасын арттыру мақсатында 2019-2021 жылдар аралығында жаңартылған мазмұн бойынша 144 мың мұғалім, 82 мыңға жуық сынып жетекшісі мен психолог, 15,5 мың колледж маманы мен 2,4 мың ЖОО оқытушысы қайта даярлау курстарынан өтеді.

Жиында Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов медицина саласындағы жалақысы төмен қызметкерлердің айлығын 30 пайызға көтеруге қатысты баяндама жасады. Министрдің айтуынша, ағымдағы жылы 1 шілдеден бастап еңбекақысы төмен барлық медбикелер мен кіші медициналық персоналдың жалақысы 30 пайызға өседі. - Елімізде жұмыс істейтін медбикелердің орташа жалақысы 76 мыңнан 100 мың теңгеге дейін көтеріледі. Ал кіші медициналық персоналдың айлығы 48 мыңнан 64 мың теңгеге артады. Оған қоса, жоғары сұранысқа ие мамандықтар бойынша дәрігерлердің жалақысы да ұлғаяды. Жалпы, 225 мыңнан астам медицина қызметкерінің жалақысы өседі. Осыған орай 2019 жылы республикалық бюджеттен 37,6 миллиард теңге, ал 2020 жылдан бастап 78,7 миллиард теңге бөлінеді, - деді Е.Біртанов.

Президент жергілікті жерде жалақысы төмен әкімдік қызметкерлерінің айлығын 25 пайызға арттыруды тапсырғаны

ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАҢА «ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ» ШАРАЛАРЫ

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің желісі бойынша

ЖАЛАҚЫНЫ АРТТЫРУ (әлеуметтік жұмыскерлер, кітапханашылар, орманшылар, ветеринар дәрігерлер, іс жүргізушілер, аула тазалаушылар, техникалық қызметкерлер, т.б.) 643 407 жұмысшының орташа жалақысы 30% арттырылады. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫН АРТТЫРУ 78 144 әкімшілік мемлекеттік қызметшінің орташа жалақысы 25% өседі. МОНО ЖӘНЕ ШАҒЫН ҚАЛАЛАРДЫ, АУЫЛДАРДЫ ДАМУТҮ 2025 жылға қарай жергілікті жерлердегі жолдардың 95%-ы жақсы әрі қанағаттанарлық жағдайда болады.

Белгілі. Бұл бағытта қандай мәселер бекітілгені жөнінде Ұлттық экономика министрі Руслан Дөлвенов айтты. - Елімізде жергілікті жерде жұмыс істейтін 78 мың мемлекеттік қызметші бар. Олар негізінен - сарапшылар, жетекші мамандар және бас мамандар. Бұл қызметкерлердің жалақысы орта есеппен алғанда 25 пайызға өседі. Мысалы, егер бас маманның орташа жалақысы 84 мың теңгені құраса, енді ол 100 мың теңге болды, - деді Р.Дөлвен. Министрдің айтуынша, әкімдік қызметкерлерінің табысын көтеруге қосымша 76,5 миллиард теңге қажет. Биыл бұл бағытта жұмсалатын қаражат көлемі - 15,3 миллиард теңге.

Ұлттық экономика министрінің айтуынша, шағын қалаларды дамытуға жылына 10 млрд теңге бөлінеді. Бұл сол қалалардағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның 100 жобасын салуды немесе реконструкциялауды қамтамасыз етеді.

Перспективалық ауылдарды дамыту үшін «Ауыл - ел бесігі» арнайы жобасы қаржыландырылады. Оған 3 жылда 90 млрд теңге бөлінеді. 1,5 мыңға жуық ауыл қамтылады. Болашағы бар ауылдар халық санына, орналасқан орнына, даму әлеуетіне және тағы басқасына байланысты анықталады, - деді Р.Дөлвен. Көп балалы отбасылар мамырдан бастап жалдамалы баспанамен қамтылады Жиында тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмысын жандандыру және жол салу қарқынын күшейту туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Скляр баяндады. Министрдің айтуынша, қазір елімізде 340 мың көпбалалы отбасы бар, оның 28 мыңы тұрғын үй кезеңінде тұр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 7 жыл ішінде жыл сайын 6 мың жалдамалы пәтер, 2025 жылға дейін 40 мыңнан астам жалдамалы пәтер салу жоспарланып отыр.

Кезекте тұрған аз қамтамасыз етілген көп балалы отбасылардың мәселесі толқын шешілетін болады. Биыл мамыр айында біз көп балалы отбасыларға жалдамалы пәтер беруді бастаймыз, - деді Р.Скляр.

Аз қамтылған отбасыларға «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы 20 жылға жеңілдетілген несиелер беріледі, оның жылдық сыйақы мөлшерлемесі 2 пайыз болады. Ипотека бекітілген негізгі шарттар бойынша төрт және одан көп баласы бар отбасыларға, мүгедек баласы бар және мүгедек баланы бағайтын отбасыларға, көмектете толмаған балалары бар толық емес отбасыларға беріледі. Екі жылда біз осы аталған санаттарға 22 мың жеңілдетілген зайем беруді жоспарлап отырмыз, - деді Р.Скляр. Министрдің сөзіне қарағанда, 22 мың ипотекаға үш жылдың ішінде республикалық бюджеттен 500 млрд теңгеден бөлінбек.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жол құрылысына, қалалық және ауылдық инфрақұрылымды дамытуға, жергілікті маңғалды жолдарға республикалық және жергілікті бюджеттен 150 млрд теңгеден астам қаржы бөлінуде. Қосымша қаражаттың бөлінуін ескергенде, қаржыландыру көлемі 200 млрд теңгені құрайды. Бұл қаржы 5 мың шақырымнан астам жолды жөндеуге мүмкіндік береді.

Отырыста Үкімет басшысының орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова да сөз алып, Елбасы тапсырмаларын түсіндіру жұмыстары жанданатынын айтты.

Премьер-Министр Асқар Мамин экономикалық табыс ең алдымен әрбір адамның әл-ауқатын арттыруға бағытталуға тиіс екенін айта келіп, «Нұр Отан» партиясы съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыру мәселелері маңызды екенін жеткізді.

Елбасының жаңа әлеуметтік қамқорлық шараларын сапалы және уақытылы іске асыру керек. Үкімет мұқтаж азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша тиімді жұмыс жүргізуге тиім. Бюрократия мен формализмге жол берілмесін. Қарапайым адамдардың мәселелерін шешу қажет. Барлық мемлекеттік органдардан осы бағытта қарқынды жұмыс атқаруды сұраймыз, - деді А.Мамин. Үкімет басшысы ірі қалалардың қала маңы аумағында, шағын және моноқалаларда тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту, жаңа тұрақты жұмыс орындарының ашылуына қолдау әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт нысандарын салу, олардың қолжетімділігі мен қызмет сапасын қамтамасыз ету, инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды, оның ішінде жергілікті жол желілерімен, энергетика және газбен жабдықтау жұмыстарын жүргізу қажеттігін айтты.

Әлихан СМАЙЫЛОВ: ПРЕЗИДЕНТТІҢ БАРЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАДЫ

Премьер-Министр А. Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыруға бюджет қаражаттарын бөлу туралы Премьер-Министрдің бірінші орынбасары - Қаржы министрі Ә.Смайылов баяндады деп хабарлайды primeminister.kz.

Ә. Смайылов Мемлекет басшысының алға қойған тапсырмаларын уақытылы орындау мақсатында Қаржы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, халықтың табыс пен тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған бастамалар бойынша алдын ала есептеулер жүргізді.

Есептеулерге сәйкес үш жылға қосымша қажеттілік 2 трлн теңгені, оның ішінде 2019 жылы 446,7 млрд теңгені құрайды. Қаражаттың басым бөлігі жекелеген санаттағы азаматтарды әлеуметтік қолдауды күшейтуге бағытталатын болады. Бұл - үш жылға шамамен 1,3 трлн теңге және 2019 жылы - 226,7 млрд теңге.

Сонымен қатар, Ә. Смайылов азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге жыл сайын 100 млрд теңгеден 300 млрд теңге қосымша қаражат қажет болады.

Премьер-Министрдің орынбасары - Қаржы министрінің айтуынша, өңірлік инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Осылайша, республикалық бюджеттен 2019-2021 жылдар ішінде 320,9 млрд теңге, оның ішінде 2019 жылы - 90 млрд теңге қосымша бағыттау жоспарланып отыр. Жергілікті бюджеттерден жобаларды қоса қаржыландыру үшін 101,1 млрд теңге, оның ішінде 2019 жылы - 32 млрд теңге бөлу талап етіледі.

«Ауыл - ел бесігі» перспективалық ауылдарды дамыту жөніндегі арнайы жобаны іске асыруға қосымша 90 млрд теңге, оның ішінде 2019 жылы - 30 млрд теңге бөлінеді. Іс-шаралармен 163 аудан, 1500 ауыл қамтылады.

Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі тапсырмаларды қаржылық қамтамасыз ету мақсатында көпбалалы әкімшілендіруді жетілдіру шаралары қабылданады, бұл бюджеттің кіріс бөлігіне үш жыл ішінде 800 млрд теңге сомасында қосымша кіріс тартуға мүмкіндік береді.

Бұған қоса, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Ұлттық қордан қаражат тартылады. Президенттің барлық бастамалары толық көлемде қаржыландырылады. Республикалық бюджетті нақтылау туралы заң жобасын жақын арада ұсынамыз, - дейді Ә. Смайылов.

ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАҢА «ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ» ШАРАЛАРЫ

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің желісі бойынша

ТАБЫСЫ АЗ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ БАСПАНАМЕН ҚАМУ 2025 жылға дейін 7 жыл ішінде 42 мың жалдамалы пәтер салынады. бүгінгі таңда бастана алуға 28,1 мың көпбалалы отбасы кезекте тұр. Осылайша, кезекте тұрған табыс аз көпбалалы отбасылардың мәселесі толықтай шешіледі. НЕСИЕГЕ БЕРІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК БАСПАНА (көпбалалы, 4 және одан көп баласы бар отбасылар; мүгедек баласы бар немесе оларды күзетілетін отбасылар; зейнетақы тоқпалан балалары бар толық емес отбасылар үшін) 2 жылда жеңілді бар 22,5 мың несие беріледі. жергілікті атқарушы органдар табыс аз отбасылар үшін жыл сайын 2 мың пәтер салыды. ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ АУДАНЫҚ МАҢЫЗДАҒЫ АВТОЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ 5 мың километрден астам автожолдар жөнделеді. 2025 жылға қарай жергілікті жерлердегі жолдардың 95%-ы жақсы әрі қанағаттанарлық жағдайда болады. 5 мың қосымша жұмыс орыны ашылды. СҮМЕН ҚАМУ ЖӘНЕ СУ ТАРТУ ЖҮЙЕСІ 2025 жылға қарай қала тұрғындары 100% орталық сумен қамту жұмесімен қамтамасыз етіледі. қала маңындағы елді мекендердің инфрақұрылымын жақсарту үшін 90 млрд теңге бөлу қарастырылуда. 126 км сумен қамту және су тарту желілері, 221 км қаша жолдары салынады. 22 қала мен елді мекеннің тұрғындары үшін қирме жолдар салынады.

«Nur Otan» партиясының съезінде Елбасы аз қамтылған және көп балалы отбасылар тобына атуалы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәртібі жайында елеулі мемлекеттік бастамалар ұсынды. Олар халықтың әл-ауқатын жақсартуға тиімді ықпал етеді.

21 мың теңге: КІМ, ҚАШАН, ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

Біріншіден күнкөрісі төмен оның ішінде көп балалы отбасыларды қолдау шараларын қамту мен күшейтуді кеңейту қолға алынбақ. 1 шілдеге дейін күнкөріс деңгейі 14 830 теңге болады, ал 1 шілдеден бастап 20 789 теңгеге көбейеді. Бұл 18 жасқа дейін төленеді. Егер балалар оқитын болса, онда 23 жасқа дейін төленеді. Бұған қоса, ата-анасының табыстары күнкөріс деңгейінен кем болса, қосымша жәрдемақы төленеді. Егер бұл көмекті осы уақытқа дейін 570 мың адам алып келсе, енді 260 мыңға көбейіп, яғни 830 мың қазақстандықтың әлеуметтік көмекті алу мүмкіндігі болады. Бір отбасын мысалға келтірсек, 4 балалы жалғызбасты отбасы делік. Егер 1 шілдеге дейін табысы жоқ болған соң отбасы 63 мың теңге атуалы әлеуметтік көмек алатын болса, 1 шілдеден бастап бұл 40 мың теңгеге көбейеді. Яғни, 103 945 теңге болады. Ал қосымша төлемдерді есептегенде отбасының жалпы бір айлық табысы 114 448 теңгені құрайды.

ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАҢА «ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ» ШАРАЛАРЫ ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУ: 2019 жылдың 1 шілдесінен АӘК иелері саны 971,6 мыңнан 830 мың адамға дейін артты. АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨЛЕМІНІ АРТҒУ: 2019 жылдың 1 шілдесінен 18 жасқа дейінгі ер балалар, 23 жасқа дейінгі орталық ай сапалы тегеурет АӘК иелері 4 834 теңгеден 20 789 теңгеге артады. КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ (АҚАНЫ МЕН А БАҚАНЫ) 2019 жылдың 1 шілдесінен АӘК иелері бір отбасы 63 740 теңгеден 103 945 теңгеге дейін артты; -2019 жылдың 1 шілдесінен отбасы табысы 74 264 теңгеден 114 448 теңгеге дейін көбейді. ЖӨРДЕМАҚЫНЫ КӨБЕЙТУ (МҮГЕДЕКТІ, ТӨЛМЕГЕН, АҚАНЫ МЕН А БАҚАНЫ) 2019 жылдың 1 шілдесінен жәрдемақы 31 183 теңгеден 41 978 теңгеге дейін өседі.

көп балалы отбасының жалпы табысын әрбір адамға бөлгенде ақшаның сомасы күнкөріс деңгейінің 70 пайызына, яғни 20 789 теңгеге жетпесе, әр балаға 21 мың теңгенің жәрдемақысы беріледі. Егер отбасының әр мүшесіне шаққанда табыс күнкөріс деңгейінен (70 пайыздан) төмен болса, айырмашылық 10 мың теңге бола ма, 7 мың теңге бола ма, ата-анасына қосымша төленеді.

Одан кейінгі ең үлкен жеңілдік, бұрын табысты есептегенде «Алтын алқа», «Күміс алқа», көп балаға берілетін жәрдемақы, мүгедектердің жәрдемақысы мен стипендиясы саналатын. Енді оның бәрі есепке алынбайды. Барлық заңдар мен қаулыларға өзгеріс енгізілуі керек. Сөйтіп, оның барлығын Парламентке өткіземіз. Жәрдемақы 1 шілдеден бастап төлене бастайды.

Бердібек САПАРБАЕВ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Egemen Qazaqstan

ХАЛЫҚТЫ ҚУАНТҚАН БАҒДАРЛАМА



Съезден күткен үмітім ақталды. Nur Otan ежелден нақты істер партиясы деп танылған. Елбасының осыған дейін берілген тапсырмалары да орындалған. Енді 2030 жылға дейінгі мерзімді бағдарға алған бағдарламадағы мәселелер де шешімді табатынына сенімдімін. Бұл біздің халқымызды қуантады. Өйткені бағдарламаның негізгі мақсаты - халықтың әл-ауқатын арттыру болып тұр.

Осы жұмысты атқару үшін Елбасы Ұлттық қор мен бюджеттен 2 триллионнан артық қаражат бөлгізетін бұрын-соңды бөлінгенді білмеймін. Бюджеттің барлық шығыстарының 45 пайызы осы салаға бағытталып делінді. Әсіресе, көпбалалы аналар қуанатын болды, өйткені балаларға 21 мың теңгеден атуалы әлеуметтік көмек көрсетілетін болды. Өз басым халыққа жасалатын осындай қолдауларға қуана отырмын. Халық бай, қуатты болса, кәсіпкер болып жүрген біз де бақуатты боламыз. Өйткені біздің көрсететін қызметтерімізге, шығаратын өнімдерімізге алушы табылатын болады. Ал, халық көдейт, тапқаны тамағына ғана жетіп отырса, ол ештеңе де алмайды, өндіріс тоқтап, өнім өндіру құлдырайды.

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ, Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің мүшесі, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, кәсіпкер

ЖАҢА ЖҮЙЕ

Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) режимі формалды емес жұмыспен қамтылғандарға жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей-ақ кәсіби жүргізуге мүмкіндік береді.

БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ

азаматтарға не береді?

Табыс табу мақсатында бейресми кәсіби жүргізіп отырған, жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбай, жеке тұлғаларға қызмет көрсететін немесе олардың жұмысын атқаратын, жеке қосалқы шаруашылықтың өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімін жеке тұлғаларға ғана өткізетін жеке тұлғалар БЖТ төлеушілер болып танылады.

БЖТ төлеушілер мынадай мүмкіндіктерді иеленеді: Бірінші: міндетті медициналық сақтандыру аясында барлық медициналық қызмет түрлеріне қол жеткізе алады. Медициналық ұйымды таңдау құқылы болады. Екінші: Зейнетақы жүйесінде еңбек өтілін жинап, базалық және жинақталған компоненттер есебінен тиісті көлемде зейнетақы алатын болады. Бұл орайда БЖТ төлеушілердің базалық зейнетақы көлемі еңбек өтіліне сәйкес есептеледі.

Үшінші: міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысады және еңбек ету қабілетінең асыраушысынан айырылу жағдайларына, жүктілік және босану, жаңа туған нәрестені асырап алу, 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдер алуға құқылы болады.

БЖТ төлеу өз еркімен, қалауымен жүзеге асырылады. Бұл жүйеге қатысу, қатыспау құқығы азаматтың өз шешіміне байланысты болады. Бұл орайда БЖТ төлемегені үшін қандай да бір жауапкершілікке тарту шарасы қарастырылмаған.

БЖТ мөлшері республикалық және облыстық маңызы бар қала тұрғындары үшін - 1 айлық есептік көрсеткішті (2019 жылы 2 525 теңге), басқа елді-мекендердің тұрғындары үшін - айлық есептік көрсеткіштің жартысын (2019 жылы 1 262,5 теңге) құрайды (тұрғылықты жерінде тіркелуіне сәйкес). БЖТ төлеуші салықтық органдарына есеп бермейді. БЖТ үлесі мынандай: - 10% - жеке табыс салығы; - 20% - Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар; - 30% - Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы жарнасы;

БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ



- 40% - Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдар. БЖТ Мемлекеттік корпорацияның есебіне екінің деңгейі банктер мен Қазпошта бөлімшелері және терминалдары, сондай-ақ, ksp.kz мобильдік қосымшасы арқылы төлеуге болады. БЖТ құрамына кіретін әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік корпорация тиісті әлеуметтік қорларға бөледі дербес жүзеге асырады. Төлемдердің мерзімділігі - айына бір рет, бірден тоқсан үшін, алты айға, бір жылға алдын-ала, өркіміңіз ыңғайына қарай төлеуге болады. Бұл орайда, БЖТ төлеметін әрбір айды жеке көрсету қажет. Бет материалдарын әзірлеген Дархан МҰХАН

АРДАГЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Жезқазғандық аналарды қабылдау салтанатынан кейін қала басшысы Қайрат Бегімов бастаған топ Ұлы Отан соғысының ардагері, бүгінде 95 жасқа келген Нина Виноградоваңың үйіне атбасын тіреді.



Қазақ «Адамның бір қызығы бала деген», «Балалы үй базар» деп қашаннан бақытын ұрпағынан тапқан. Және ізін жалғайтын бауыр еті балаларының өсіп-өнуіне жүректегі махаббаты мен жылуын, сондай-ақ, бойындағы бар қажыр-қайратын сарп еткен. Ұл-қызына тәлімді де парасатты тәрбие беруді, ұлттық құндылықтарды сіңіруді парызы санайды. Бұл қазақ ел болғаны бері ақ жаулықты аналарымыздан келе жатқан үрдіс. Осы ізді жалғап, дүниеге бес бала әкеліп, оларға үлгілі тәрбие беріп отырған алтын құрсақты ананың бірі – Қаламқас ПЛЕУБАЕВА.

«БАЛАЛАРЫМ – БАҚЫТЫМ»

Отыз жеті жасында бес баланың анасы атанған Қаламқас Дулатқызы жолдасы Нұрмұханбетпен көңіл жарастырып, шаңырақ көтергенде-ақ көпбалалы ана болуға бекінген. Өзі әке-шешеден өкі ағайынды Қаламқас Әлиқабаровтар әулетінің босағасын келін болып аттағанда басына орамал тағып, ақ батасын берген енесі батыр ана еді. Он екі құрсақ көтерген екінші анасын өзіне үлгі еткен біздің кейіпкер қазір қара шаңырақтың түтінін түзу түтетуде. Барған үйінің берекесін еселеп, ата-ене алғысына бөленуге және ағайын мен абысынға сыйлы болуға тырысқан жас келін үлкендердің ақылына құлақ асудың арқасында жақсы келін деген атқа лайық болды.

4-сыныптан бастап бокспен айналысып, бірнеше додалардың жеңімпазы атанып үлгерді. Қазір 7-сыныпта оқитын моншақты қызы Ақбота сурет үйірмесіне қатысып, әкешесін көз тартар туындыларымен қуантуда. Ағасына қарап бой түзген Марғұлдан да былтырдан бастап спортқа бет бұрды. Оның таңдағаны – дзюдо. Ерден биыл 1-сыныпты озат аяқтаса, үйдің кенжетайы Қасым болса, еркелік пен бұзықтығын қойып, күзде мектеп табалдырығын аттайды.



өсіріп, бау-бақшалықпен айналысады. Балалардың үлкені де анасына қолғабыс етеді.

арасындағы сыйластық пен аға мен қарындастың бауырмалдығына, қамқорлығына сүйсіндік.

Халықтар достығы мен мәдениет үйінде 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай мерекелік іс-шара өтті.

АЛҒЫС ЖАУҒАН КҮН



Бұл күні елімізде тұрып жатқан барлық диаспора өкілдері қиын-қыстау кезеңде қамқорлық танытқан қазақ халқына ризашылығын білдіреді. Әсіресе, қиын-қыстау заманында жер аударып келген түрлі этнос өкілдерінің қазақ халқына деген сый-құрметі ерекше. Бұл күн – Тәуелсіздіктің қадірін түсіндіріп, бауырмалдықтың бағасын арттыратын күн.

деп ән шығады. Ал «Шалқыма» би ансамблі шынайы достықты бейнелейтін «Құрбылар» биін мың бұрала биледі.

ЕҢБЕГІМЕН ҚАДІРЛІ

Жезқазған қалалық орталық аурухана басшылығы: «...Жұмысына адал. Өзіне жүктелген міндетті 100 пайыз орындамайынша байыз таппайды. Таптырмас мамам, жинақтаған тәжірибесін жас мамандарды бағдарлауға жұмсайтын әріптес, қамқоршы ана, аяулы жар», – деп бағалаған Дәрияш Нұрмағанбетқызы Байсымақованың жүздесудің орайы келді. Оның орталық ауруханадағы қызметі – бас экономист.

Иә, қазір қай салада болмасын бұл мамандық иесінің қажеттігі бар. Өйткені, ақша санағанды ұнатады. Орталық аурухананың барлық қаржылық мәселелеріне жауапты Дәрияш Нұрмағанбетқызының басты міндеті – жылдық бюджетті жоспарлау, оны іркісіз орындау және мемлекеттік тапсырыстан бөлек өзге қаржы көздерін тарту да экономистке жүктелген жауапкершілік.

саласына енгізілген барлық электронды жүйелерді меңгерген. Ақ халаттылардың науқас қабылдау мен ем жүргізуінің айлық жоспарын төлем жүйесі арқылы жүйелі медициналық-ақпараттық жүйе мен амбулаторлық-емханалық көмек сынды электронды желісінен қадағалап, реттеп отырады. Дәрияш Байсымақованың міндетіне жататын істерді тізбектей берсе шегі мен шеті жоқ. Бастысы ол өзінің сүйікті ісін тыңғылықты орындап, содан жан рахатын табады. Осы салаға бет бұрғанына жиырма жылға жуықтаса да, Дәрияш Нұрмағанбетқызы мамандық тандауда қателеспеген. Еңбегінің зейнетін көрер шаққа жетсе-дағы әлі сол баяғы есеп пен қисаптан алыстағысы жоқ.



экономист мамандығын меңгеріп алып, оны медицина саласына қарай бейімдеді. Алғашында өзін экономист ретінде маскүнемдік пен нашарқорлықтан мәжбүрлеп емдеу мекемесінде байқап көрді. Талабы мен талпынысы осы қызметті де алып кетуге септігін тигізді. Кейін төрт жыл бойы Жезқазған қаласының наркологиялық диспансерінде бас бухгалтер қызметін мінсіз атқарған соң 2013 жылы қалалық орталық аурухананың бас экономисі болып ауысты. Әріптестерімен жылы қарым-қатынас орнатып, ізін басқан бас буынға алапық кеңесін аямай, үйретуден жалықпайды. Мысалы, қазір ол – жас экономист Екатерина Әлиеваның тәлімгері.

Байсымақовпен бірге ұлдары Дархан мен Нұржанды, қызы Айзаданы тәрбиелеп, олардың жоғары білімді, білікті маман болуына атсалысты. Бүгінде бауыр еті балалары бір-бір отбасын құрып, әке-шешесін сүйікті ата мен әже атандырды. Тұңғышы Дархан мен қызы Айзада ана салған жолды жалғап, өздерін қаржы саласынан тапты. Ұл-қызын шынықтырып пен еңбекқорлыққа баулыған әке-шешенің тәрбиесі қазыны тауып, балалары мақтанышына айналды. «Әлі де бойында күш-қайратым барда еңбегіммен қоғамға пайда тигізе отырып, балаларыма үлгі боламын», – деген Дәрияш Байсымақова барлық әйелдер қауымын шауқты көктеммен бірге келетін мерекені құттықтап, әйел бақытын тілейді.

Диана ОРАЗАЛИНА

КОНВЕЙЕРДІҢ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАҒАН



Көктеммен бірге келетін 8 Наурыз мерекесін қыз-келіншектер жағғы асыға күтеді. Өйткені, осы күні әйел-ананың даңқы асқақтап, еңбектегі жұлдызы да жарқырай түседі. Әйелдер шабыт беруші күш болып табылады, әр үйдегі, әр ұжымдағы бақуаттылық әйелдің көрегендігіне байланысты екені де жасырын емес. Әйелсіз қай салада да жетістікке жету қиын. Кейде ер адамға ғана тән ауыр жұмысты әйелдер абыроймен атқарып, ұжымын табысқа жетелегенін көріп қайран қалатынымыз бар.

емес. Солардың бірі – Инаят ҚАРАБАЕВА. Ол – байыту фабрикасының №2 ұсақтау корпусында конвейер машинисі. Оның жұмысы руда таситын конвейердің жұмысын қадағалаумен байланысты. Осылайша, күнде басын қауіпке тігіп, жер бетінен 3 метр төменге түседі.

Бүгінде Инаят бар бақытын көз қуанышы балаларынан тапқан. Ана жүрегі мықты ғой, шіркін. Өмірдің дайындаған тосын сыйлары мен ауыр сынағына төтеп беріп, тек осы бір ұл мен екі қызын аяққа тұрғызам деп тырысып келеді. Үлкені анасына қолқанат болып «Қазмыстелекомда» еңбек етуде. Ағасының артынан өрген егіз қыздары болашақта үлгілі маман болу үшін білім алуға.

Жезқазған өндірісті қала болғандықтан, ірі өндіріс ошағы саналатын байыту фабрикасы мен мыс қорыту зауытында жұмысты ауырлығына қарамай ерлермен қатар иық тіресе еңбек етіп, нәтижеге қол жеткізіп жүрген қыз-келіншектер аз.

Алғыс айту күніне орай бизнес және көлік колледжінде Жезқазған Аналар кеңесі мен қалалық қоғамдық келісім кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Алғыс айту – жанның асылдығы» атты шараға өзге ұлт өкілдері мен өскелең ұрпақ қатысты.

ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ АЛУҒА ҮНДЕДІ



Сұрақ-жауап форматында өрбеген кездесудің тізгінін алған Аналар кеңесінің төрайымы Зинаида Чумакова 1944 жылдың 23 ақпанында Қарсақбай кентіне депортацияланған әке-шешесін құшақ жая қарсы алып, олардың аман қалуына себепші болған қазақ халқына барлық ваинах халқы атынан алғысын білдіріп, бақ сөзін берді.

ұстаз да болды. Олар өздеріне көрсетілген қошеметке марқайып, жасалған тосынсыйдан жанарлары жасқа толды. Ұйымдастырушылар ақ сүтімен ұрпағының бойына асыл қасиеттерді дарытқан аналардың ұлдарын кешке арнайы шақырған. Ұлдары болса аналарының құшағын гүлге толтырып, вальске шақырды.

Диана ОРАЗАЛИНА Суреттерді түсірген Ғалия ӘБДИҚАППАРОВА

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

— Газет редакциясында жұмыс істеген кезіңізде сіз көбінесе ақын ағамыз Сайлауханмен сырласып, бірге жүруші едіңіз. Көп адамға онша ашыла қоймайтын сізді Сәкен үнемі көтермелеп, қамқорлық танытып отыратын. «Бұл Аманжолдың бойында өнер көп, өлең жазады. Театрда әртіс болып ойнаған» дейтін марқұм Сәкен кейде ақырын күле сөйлеп. Қаншалықты шын екенін біле алмай біз қалатынбыз. Кейін газетте шыққан өлеңдеріңізді көрдік, жап-жақсы сыршыл лирикаларыңызды оқыдық. Әртіс болған дегенді «Е. ауыл сахнасында ойнаған шығар» деп топшылағанбыз. Сөйтсек, олай емес екен. Осы жайды ежіктеп әзізіден сураудың реті енді келгенде. Аужек, сонда сіз театрда кәдімгідей актер болдыңыз ба?

— Иә, Қарағанды театрында бір жылдан аса істедім ғой.

— Сонда әртістік оқу бітірдіңіз бе, әлде ауыл өнерпаздары қатарынан қосылдыңыз ба?

— Негізінде өткен өміріме көз жүгіртіп отырсам, театрға жақындығым бала кезден жүрекке ұялаған сынайлы. Ол уақытта кез келген еңбек ұжымдарында, мектептерде сахналық көріністер мен қойылымдар дайындаумен айналысатын әуесқой драма үйірмелері жұмыс істейтін. Қалалардағы өнеркәсіп кәсіпорындарында жұмысшы жастар театры, ауылдық жерлерде колхоз театрлары пайда болды. Сондай колхоз театрының бірі Жаңаарқа ауданында 1942-1948 жылдарда жұмыс істеген еді. Оны ұйымдастырған бұрын бірнеше жыл Гурьев облыстық драма театрында әртіс болып еңбек еткен Жаңаарқа ауданының тұрмасы Асан Есенов деген азамат болатын. Бұл колхоз театрында кейінде облыстық драма театрында әртіс, одан соң Қарағанды телестудиясында режиссер болып еңбек еткен Айтуған Салықов, кейін музыка өнерін зерттеуші ғалымға айналған Жиенбек Рәсәлдін осы кісінің алғашқы жары Ахмедия Мүксимова және солар қатарлы тамаша эсерпаздар жұртшылық назарына ілкіленді.

Мен 6-7 жасар бала кезімде Қызылшоқы ауылының жайлауында отырғандықтан осы өнерпаздардың «Қыз Жібек» қойылымын көрген едім. Олар бір киіз үй алдына сахна құрып, сол үйдің есігінен сахнаға шығып, ойындарын көрсетті. Сонда Төлгенді Бекежаннның қалай өлтіргенін көргенде: «Менің өкемді де біреу осылай өлтірді-ау!» деп жылағаным есімде. Бала болсам да, өкем мен оның екі бірдей ісі жақында ғана жөнсіпен аяқталған сұм соғыста қаза тапқаны көіркекте қалып қойса керек. Әрине, мен ол кезде өзім де ер жетке келе осындай өнерпаздар сапында болып, дала еңбеккерлеріне қызмет көрсететінді білгенім жоқ.

— Енді біз аса біле бермейтін осы театр өнеріне жол партияң кезіңізді әкгілемеу беріңізші?

— Аудан орталығындағы орта мектепті бітірген соң бір жыл Жаңаарқаның Ақтау ауылындағы шопандардың балаларына сабақ беріп, мүгалім болдым. Келесі 1958 жылы арман кұып Алматыға аттандым. ҚазМУ-дың журналистік бөліміне тапсырып, үш сабақтан бас алып тұрғанда, неге екенін білмедім. «Әй, мыналардың барлығы жазушы болғанда, қалған жұмысты кім істейді!» деп 6-7 баланы қабылдаудан бас тартты. Сол уақытта сондай нұсқау болды ма, жаспыз ғой, байыбына бармадым. Бірден ауылға қайтпай орай астанда жүріңкіреп қалдық. Сол кезде Оспанжан Әубәкіров ашық сахнаға шығып сықпақ оқыды. Төңіректен соны тамашалаймыз. Сөйтіп жүргенде театр актері оқуына бала

АДАЛДЫҚТЫ СЕРТ ЕТКЕН

журналистика ардагері Аманжол ҮСЕНТЕГІМЕН сыр-сұхбат



қабылдайды деген хабарландыруға кез болып, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Әмірзақов, Серке Қожақұлов сынды өнер марқасқаларының алдында емтихан тапсырдық. Оспанжаннның «Қырсық» деген сықағын жатқа оқыдым. Сәтін салып оқуға түстік. Тағдырдың жазуымен, 1960 жылы қазақ өнерінің қарашыңары Қазақтың академиялық драма театры жанындағы театр студиясында екі жыл оқып, драма әртісі мамандығын алып шыққан 8 түлек Қарағанды облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы драма театрына келіп орналастық. Бірге бітірген осы топта кейін қарашыңарқа қайтып барып, ондаған жыл еңбек етіп, оның талант ретінде танылған Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әнуар Молдабеков пен оның жұбайы Баян Әшімова болды. Сондай-ақ, Қарағандыға бірге келіп еңбек жолын бастаған көкшетаулық Жақып Омаров, жаңаарқалық Аманжол Сәлімбаев, ұлытаулық Төлеш Тұңғышбаев үшеуі кейін арнайы жоғары оқу орындарына түсіп, театр режиссері мамандығын алып шықты. Олар кейін тамаша қойылымдарымен көрінген танымал режиссер болды. Мәселен Жақып Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы драма театрының ашылуы мен қалыптасуына орасан зор еңбек сіңірді. Сол кезде Қарағандыға бірге келген Шамиль Жүнісов кейін осы театрда еңбек етіп, республикаға еңбегі сіңген әртіс атағын алды. Біздің қатарымызда өнер жолын бастаған Айымторы Тайғаринова кейінірек Алматы театрына ауысып кетті.

— Театрда ойнаған күрделі рөлдерің есіңізде ме?

— Көбіне шағын рольдерді сомдадым. «Бөу, қыздар-айда» Серкенің ролінде ойнағаным есімде. Біздің жастық шағымызда дүниеде жаңа бір өнер түрі — теледидар пайда болды ғой. Қарағанды театрының әртістері де облыстық теледидар студиясы дайындайтын спектакльдерге қатысып, қосымша өнер шындау ұясы ретінде пайдаланатын. Әрі аздаған қаламақысымен де қызықтыратын

Сол теледидар қойылымдарынан Айтуған Салықов ағамыз дайындаған Абайдың жастық шағы туралы спектакльге бір топ әртіс қатысқанымыз, Қарқаралы қаласына барып, қойылымның кей көріністерін киноға түсіргеніміз бар-тын.

Мен 1962 жылдың басында бір байламға келіп, театрдан өз еркiммен шығып, өскен жерім Жаңаарқадағы аудандық Мәдениет үйінің драма үйірмесiне жетекшiлiк етуге кiрiстiм. Өйткенi, облыс орталығына көркөмөнерпаздар байқауына келген жерлес өнерпаздардың талпаптары менi қызықтыратын. Олардың драмалық қойылымдарында жетiспей тұрған кәсiби өнерге тән iденiстердiң қыр-сырларын сiңiре бiлсе, көркөмнiң көңiлiнен шығар сахналық туындылар жасауға болатыны аңғарылып тұратын. Оның үстiне, театр студиясын бiтiргенде Ташкенттегi Орта Азия өнер институтының театр режиссерi факультетiне түсуге арналған жалғыз жолдама маған берiлiп едi. Бiрақ, мен оған отбасы жағдайымен бара алмай қалғанмын. Осы себептен де болар, көңiл түкiрiнде қалған режиссерлық талпынысымды аудан өнерпаздарымен жұмыс барысында шындамақ ниетте болдым.

Алғашқы бір жылдың өзінде С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» спектаклің қайта жаңғырып, Ф.Мүсіреповтің «Қыз Жібек» драмасын, Қ.Мұхамеджановтың «Белтіркік бөрік астында» комедиясын жергілікті жазушы Асан Жұмаділиннің «Той боларда» бір актілі пьесасын сахнаға шығардым. «Қыз Жібек» қойылымын Мәдениет министрлігінің арнайы комиссиясы келіп көріп, үйірмеіміздің еңбегін жоғары бағалады. Соған орай, 1963 жылдың желтоқсан айында үйіме ұжымына Халық театры атағы берілгені туралы шешім шықты. Бұл хабарды аудан жұртшылығы, әсіресе, өнерпаздар қуана қарсы алды. Дегенмен, менің қуанышым ұзаққа созылмады. Аудан басшылығы тек қана «Ауданымызда халық театры да бар» деген мақтан ғана керек екенің енді театр жұмысына жан-жақты

қамқорлық болмайтыны байқалды. Әрі қарайы талпынысымызға қолдау таппаған соң жаңа жұмыс орнын іздей бастадым. Қарағанды облыстық радио және теледидар хабарларын тарату комитеті мені Балқаш қалалық телестудиясына жібергені жатқанда комитет төрағасы кеңсесінің алдында Жезқазған телестудиясының директоры Зиновий Львович Шкундин кездесе қалды. Аз-кем еңгімелесе келе ол мені өзі басқарып отырған студияға шақырды. Осы кісінің ұсынысын неге қабылдағаным есімде жоқ, әйтеуір көп ұзамай, 1964 жылдың қыркүйек айының басында Жезқазғанға келіп орналастым.

— Аманжол аға, біраз жылдарыңыз газетте өтіп, қатар еңбек етсек те сізді көп адам теледидарға тән маман санайды. Сіре, телевидение саласында айрықша қолтаңбаңыздың қалағандығынан болар деп ойлаймын. Сол ортадағы шығармашылық жолдарыңызды қысқаша еске алып өтсек қайтәді?

— Мен келгенде Жезқазған кен-металлургия комбинатының көркөмөнерпаздық телевидение студиясы үйірмесінен қалалық теледидар студиясына айналғанына бес жылдай ғана уақыт болған мекеме ғимаратының құрылысы енді аяқталуға жақындаған кез екен Қазіргі ғимараттың оңтүстігінде іске қосылған жиырма шақты шаршыметрлік шағын бөлме негізгі көрсеткіштері әзірге шығарылатын студия орын да оның үлкен төрөзәлі бір қабырғасына студияның басқару пульті орналсақ. Басқару пультіне режиссерлар мен дыбыс режиссерлары ғимараттың сыртқы төрөзесінен кіріп-шығады. Мен жұмысымды осы пультті басқаруды үйренуден бастадым. Көп ұзамай, сол күздің аяғына қарай ғимарат құрылысының барлық жұмыстары аяқталып, жаңа студияның кең де жарық павильоны мен екінің қабатта орналасқан соңғы техника жетістіктерімен жабдықталған басқару пульті және басқа да қызмет бөлмелері пайдалануға берілді. Жаңа павильонда үш бірдей телевизиялық камера қатар жұмыс істеп тұрды. Редакторлар өз хабарларына көбірек адам қатыстыруға тырысты. Балалар редакциясы, жастар редакциясы, көркөмөнер хабарлары редакциясы қалаған еңбек ұжымдары қалаған өнерпаздар ұжымдарын студияға шақырып, теледидар көркөмдерінің ризашылығына бөленді. Студия режиссерлары телевизиялық спектакльдер қоюмен кеңірек айналыса бастады. Қазақ редакциясын Әбілқасен Әмірлінің ағамыз басқарса, орыс редакциясының бас редакторы Нина Маркина болатын. Алғашқыда балалар редакциясының режиссері болып орналастым.

Бір-екі жылдан соң, журналистік қабілетімді байқаған студия басшылары маған әдеби-көркем хабарлар редакциясының жұмысын жүктеп, редакторлар сапына қабылдады. Редакцияның атына қарай, әдебиет пен мәдениет салалары, көркем тіл мен өнердің атақты қайраткерлері жайлы хабарлар дайындап отырдық. Ақындар шығармаларын дәріптеуге арналған «Бұлбұл бағы» атты шағын хабарымызда жаңа жыр жинақтарынан өлеңдер оқылатын. Бұл айдардағы алғашқы хабарымыз Қадыр Мырзаалиевтің осы аттас жыр кітабындағы өлеңдерімен ашылып еді. Ол кезде Жезқазғанда театр жоқ. Соған қарамастан, өнерпаз әртістеріміздің күшіне сүйеніп, телевизиялық спектакльдер де дайындап жүрдік. Мәселен, Ф.Мүсіреповтың

«Ояңған өлке» және «Дауылдан кейін» романдарын сахнаға лайықтап қойып, З.Шашкиннің «Ақын жүрегі» драмасы мен Қ.Мұхамеджановтың «Белтіркік бөрік астында» комедиясын қаламыздағы көркөмөнерпаздар күшімен экранға шығарып жүрдік. Жезқазған телестудиясындағы тағы бір елеулі ісіміз телевизиялық айттырар үйымдастырдық. Қысқаша айтқанда, телестудияда 22 жыл еңбек еттім. Режиссер де, редактор да болып істедім. Үш-төрт жылдай бас режиссер міндетін атқардым.

— Облыстық «Жезқазған туы» газетіне келген кезіңіз есімде, 1985 жылдың аяғы болуы керек. Ол кездегі тәртіп бойынша редакторымыз жаңадан қабылданатын қызметкерді реколлегия мүшелерінің талқысына салады. Сол үрдіспен жиналып, сізді таныстырған кезде редактордың орынбасарлары Сапабек Мырзатов пен Көбейші Еңсебаев бұрын телестудияда өзіңізбен бірге істегендерін алаа тартып, «Алған бетінен қайтпайтын бірбеткөңілі бар, дегенмен жұмысына мыеым, қолынан жазу келеді» деп сізді қабылдауды хош көрген болатын. Қос орынбасар қолдап отырған соң қалағанымыз да бас шұлығағанбыз. Сіз айтса айтқандай, газет жұмысына жылдам төселіп, тартымды мақалар жазу алатыныңызды көрсетіңіз. Ендігі сұрайын дегенім, ақпарат айдыныңдағы осы қос саланың өскенін қатар есіп көріңіз. Телевидение мен баспасөздің басты ерекшеліктері неде деп ойлаңыз?

— Газет жұмысы адамды жазуға, жазғанда тәлітпін әдемі жазуға бейімдейді. Телевидение сөйлей білү өнерін қалыптастырады. Адаммен еңгімелесе отырып ішкі пікірін ашуға тырысасын. Қазіргі теледидарлар көбінесе көңіл көтеру құралына айналып барады ғой. Газетке келгенде өз басым зиян шеккен жоқпын. Шығармашылық өрісім кеңейе түсті. Ошақбай Асылбековтың атынан «Мыс шағары» кітабын жазып шығуға атсалыстым, 2000 жылы «Ең ауыр ғасыр» атты деректі хикаятымы шығардым. Берікте үнді жазушысы Гинятолла Канбұдун «Әмір бағы немесе махбатнама» хикаяттарын тәржімалап, қазақ оқырмандары үшін кітап етіп бастырдым. Біраз өлеңдер де жазылды. Әлі де көңілде біраз ойлар бар. Негізіңде, газетте жүрген жылдарым өміріміңің екінші бір елеулі белесіне айналды. Шығармашылық ортаның қазанында өбден қайнап, пісіп жетілуіме жол ашқанын әрдайым еске алып отырамын.

Айтпай кетуге болмас, Аманжол ағамыз тұрмыс-тірліктің мың сан арналы бұралмақ жолдарын да аз көрген жоқ, Алайда, алға қойған өмірлік мұратынан айнымады. Жезқазғанға қолұстасып келген қосағы Қайыржан қаладағы №8 мектепте мүгалім болып, отбасын ұйытып отыр еді. Аужекөң небәрі 46 жасында жан жарынан айрылып, көңілі жетісіреп қалды. Қиналды, бірақ мәйлеспеді. Адалдыққа серт еткені ме, қылшылдаған қыртықтың қызығын құып жан-жаққа мойын бұрған жоқ. Балаларын мөлепеді. Жалғыздықтан жабыққамал алты баласын аялап өзі жеткізді. Бұл — өркінің қолынан көле бермес мықтылық. Қазір де нөмере-шөберелеріне қамқор болып, солармен жұбатып отырған жақсы бар. «Сақалға ақ түсті, көңілге дақ түсті» деп тұнжырап отырған жоқ Аужекен. Салиқалы, сыбырлы қалпынан танбай, қарттықтың әдемі үлгісін көрсетуде. Аллаға шүкіршілік дейді. Әманда аман болыңыз, аға!

Амандық ПАХУҒЫ

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТА

Жезқазған қалалық мәслихаты жанынан құрылған жұмыс тобының алдағы міндеті — қоғамдық кеңесті қалыптастыру. Қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаевтың төрағалығымен өткен отырыста осы жұмыс тобына үміткерлердің кандидатурасы қаралып, мүшелер таңдалды.

ЖҰМЫС ТОБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобына мүшелік етуге барлығы 11 тұрғыннан өтініш түскен. Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ереженің талаптарына сәйкес жұмыс тобының құрамы мемлекеттік органдардың өкілдері және коммерциялық емес ұйымдар өкілдерінен, азаматтар қатарынан сайланады. Сондай-ақ, жұмыс тобының құрамындағы мемлекеттік орган өкілдерінің саны жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен аспауы тиіс. Осы ретте, жұмыс тобының басшысы ретінде Советбек Медебаев, ал хатшы болып Александр Ким сайланды. Одан кейін өзге кандидаттардың ұсынан құжаттары қарастырыла бастады.

Отырысқа белгілі бір себептермен төрт кандидат қатыспады. Талап бойынша олардың кандидатурасы қараусыз қалды. Өзге жеті үміткердің ішінен бесеуі ғана жұмыс тобының құрамына алынды. Мүшелердің басым көпшілігі — өзін-өзі ұсынғандар. Олардың арасында қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, коммерциялық емес ұйымдардың қызметкерлері бар. Ашық түрде өткен сайлаудан кейін жасақталған жұмыс тобына Советбек Медебаев алдағы қызметтерін таныстырды.

Бүгін құрылған жұмыс тобы алдағы үш жыл бойы жұмыс жасайды. Біздің басты мақсатымыз — Жезқазған қаласының қоғамдық кеңесін қалыптастырып, қажет болған жағдайда мүшелерді қайта сайлаймыз. Қоғамдық кеңеске барлығы 14 тұрғын мүшелік өтеді. Дегенмен, ережеге сай мүшелер санын көбейтіп немесе азайтуға да болады. Оларға қойылатын талаптардың негізгісі — мүше Жезқазған қаласында тұруы қажет. Ал, қоғамдық кеңестің міндетіне халық пен билік арасында байланыс орнату отырып, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысу және тұрғындардың өтініш-арызына құлақ асу болып табылады, — деді.

Жеті мүшеден құралған қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы наурыздың 4-18 аралығында, яғни 10 жұмыс күні ішінде қоғамдық кеңеске мүше боламын дегушілердің өтініштерін қабылдайтын болады. Қоғамдық кеңес мүшелерінің жасына шектеу қойылымағанмен, олардың сотталмаған әрі наркологиялық және психдиспансерде есепте тұрмауына да аса мән берілді. Осы үш талаптың үдесінен шыға білген жезқазғандықтарды ғана қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы ашық дауыс беру арқылы қоғамдық кеңеске мүше ретінде сайлайды.

Диана ОРАЗАЛИНА

Жезқазған шаһарының жылнамасы

1965 жыл

• 1965 жылдың наурыз айы мен 1969 жылдың наурыз айы аралығында қалалық атқару комитетінің төрағасы қызметін Ғабдулла Махмұтұлы Махмұтов атқарды.

• 1 мамырда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №157 шешімімен №4 қалалық емханда 50 орынды жүйке ауруларын емдейтін бөлім ашылды.

• 5 мамырда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №160 шешімімен екінші шағынауданындағы 960 орындық ғимарат №4 орта мектеп, ал оның орнына №8 қазақ орта мектебі көшірілді.

• 5 мамырда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №157 шешімімен №161 шешімімен №22 сегізжылдық мектеп орта мектеп болып құрылды.

• «Қарағанды-Жезқазған ЖЭС» электр беру жүйесі іске қосылды.

• 14 мамырда КСРО Жоғарғы кеңесінің бұйрығымен Қ.Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургиялық комбинаты мыс кенін өндеуге жаңа технологияны енгізгені үшін Ленин орденімен марапатталды.

• 12 маусымда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №213 шешімімен Жезқазған қаласының орталығында орналасқан стадионға «Металлург» атауы берілді.

• 18 тамызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №322 шешімімен Мир даңғылы 13 үйінде және Воззальная көшесінде жинақ қазалары ашылды.

• Қыркүйекте №55 шахта іске қосылды.

• 7 қарашада Жезқазған қалалық коммунистік партиясы бюросының қаулысымен және Жезқазған қалалық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің №52 п-32/401 шешімімен Ұлы Жеңістің 20 жылдығына байланысты майдан даласында қаза тапқан жезқазғандық жауынгерлерді мәңгі есте қалдыру және кейінгі жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында «Жауынгер жезқазғандықтар» ескерткіші қойылды.

• 8 желтоқсанда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №462 шешімімен Гагарин көшесі бойында Ұлы Отан соғысы майданында қаза болған жезқазғандық жауынгерлерге арналған ескерткіш орналасқан алаңға «Жезқазғандық батырлар саябағы» деген атау берілді.

• 29 желтоқсанда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №477 шешімімен Бульвар Космонавтов көшесі №14 үйде кітап дүкені ашылды.

• «Шұғыла» ательесі ашылып, қазіргі Ғарышкерлер баққолындағы тұрғын үйдің бірінші қабатына орналасты.

• Сәтбаев көшесінде мектепке дейінгі балалардың тыныс ой жолдарының ауруын емдейтін «Зорька» шипажайы ашылды.

• Жезқазған тігін фабрикасы ашылды.

• №57 шахтада К-500 типті бірінші турбокомпрессор іске қосылды.

• Мыс зауытында электрожөндеу цехі іске қосылды.

Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде өзiрлендi

АРХИВ — 2025

ӨШПЕС МҰРА ҚАЛДЫРҒАН



Еңбегімен ерекшеленген адам әрқашан құрметтеледі, есімі ел жадында сақталады. Кезінде фото түсірумен тынымсыз айналысып, өңірдің маңызды оқиғалары мен тарихи тұлғалардың суреттері арқылы мысты өлкенің өшпес шежіресін жасаған Бекет Түбеков туралы осылай деуге болады. Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві жақында «Ұрпақтар жазын жаңғырту» атты ашық есік күнін өткізіп, Бекет Ахметұлының қорда сақталған құжаттарын ұрпақтарына, туған-туысқандарына таныстырды.

МӘЛІМ-БЕЙМӘЛІМ

«ЖЕЗҚАЗҒАН» ҚОНАҚҮЙНДЕ ТУҒАН ӘН

Ескендір Хасанғалиевтың «Бозторғайым» атты бір әуезді әні бар. Әнші Саят Медеуов жиі орындап жүреді. Осы әннің Жезқазғанға қатысты тарихын біреу білсе, біреу білмес. Қазір ғаламторда неше түрлі ақпарат өріп жүреді. Жақында ақтарып отырсам, бір жазбада осы біз өңгімімізге арқау етіп отырған «Бозторғайымның» әні мен сөзі Ескендір Хасанғалиевтікі деп көрсетіпті, келесі бір материалда авторы Инкар-Алмас Кішкенбаев деп бір-ақ ұрыпты. Интернет іірінде осындай елді шатыстыратын деректер, өкінішке орай кездесіп тұрады. Жезқазғанның 65 жылдығы қарсаңында қаланың мәдени өмірінен өзектес жағдайда туған ән туралы ақиқатын айтайық деп қолға алдық.

Жезқазғанның өз алдына отау тігіп, облысқа айналту рухани-мәдени саланың жұмыстарына да он серпін бергені белгілі. Обкомның үшінші хатшысы Жылқыбай Аралбаевтың тікелей қолға алуымен 1974 жылдың қарсаңында жаңа облыстың «Ұлытау» ән-би ансамблі құру жөніндегі шаралар қызу жүрді. Алматыдан білікті музыка мен өнердің мамандары шақыртылады. Осыған байланысты арнайы келген Ескендір Хасанғалиев пен Бәкір Тәжібаев екі айға жуық «Жезқазған» қонақүйінде тұрып, жас өнерпаздармен жұмыс істейді. Ақын мен композитор «Ұлытау» ансамблінің репертуарына арнап жаңа әндер жазумен айналысады. Сол кезеңдегі қыстың суық күндерінің бірінде екеуі терезеге қарап тұрып, аязға тоңғанына қарамай балқон өрнеуінде дән іздеп секендеп жүрген торғайды көреді. Осы бір көрініс көңілге түрлі ой салады. Жұдырықтай ғана бозша құстың тірлігі ақын

мен композитордың қиялын шарықтатып, шабыт отының маздауына себеп болады. Тіршілікте айнымасқа тағдыр қосқаң. Құс едің ғой, кең далаға бауыр басқан. Аяздарда тонбайсың ба, бозторғайым, Жылы уаңа қонбайсың ба, бозторғайым!

— деп жүректі тербей шарқалатын өн өмірге осылай келіпті. Бұл туралы композитор Е.Хасанғалиев Жезқазғанға келген бір сапарында айтқаны да бар. Иә, мәтінін ақын өрі сазгер Бәкір жазған, өнін Ескендір шығарған «Бозторғайымды» ең алғаш «Ұлытау» ансамблінің әншілері біразше дауыста орындаған көрінеді. Қазақстан Республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ескендір Хасанғалиевтің орындауындағы бұл өн Қазақ радиосының «Алтын қорында» жазулы. Әмірден өз орнын алған өн өшпек емес. Ал біздің айтамыз, Жезқазғанда туған өннің беймәлім сырын көпшілікке жеткізе отырып



мәдениет төңірегінде жүрген мамандар мен өнерпаз қауымға ой салу. Қаланың 65 жылдығына орай алуан шаралар өтіп жатыр, алда да ұйымдастырылмақшы. Сондай кештердің бірінде өн тарихын айта келіп, әншілеріміздің бір әдемі әнді әуелетсе қандай әсерлі болар еді.

Амандық ПАХУҒЫ

БРИФИНГ

Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова төңіреkteгі БАҚ өкілдерін жинап, медицина саласына қатысты сұрақтарға нақты жауап берді. Сұрақ-жауапқа көшпес бұрын Ләззат Нәбиқызы 2019 жылы Жезқазған-Ұлытау аймағында денсаулық сақтау саласында орын алатын жаңашылықтармен бөлісті.

АЙМАҚТАҒЫ ЕМДЕУ МЕКЕМЕЛЕРІ

заман талабына сай жаңарады



Был бірқатар ауқымды жобалар жүзеге аспақ. Атап айтар болсақ, ауруханалар қалашығында соңғы үлгідегі құрылғылармен жабдықталған кеңес беру-диагностикалық орталықтың ашылуы жоспарланған. Көрсетілетін медициналық қызмет сапасын арттыру мақсатында ашылатын орталық күніне 250 науқасты қабылдауға қауқарлы. Лор-комбайн, видеоколоноскоп, ЭКГ, холтер-мониторинг, маммографиялық қондырғы, цифрлық рентген, цифрлық флюорография, холтер-мониторлау сынды аппараттармен жабдықталған диагностикалық орталықта балалар мен ересектерге сараптамадың 150 түрін анықтайтын гематологиялық және биохимиялық анализаторлар сынды цифрлық медициналық құрылғылары орнатылады. Балалардың денсаулығын балалар эндокринологы, нефролог, хирург, невропатолог, педиатр бақылайды. Сонымен қатар, терапиялық профильдегі невропатолог, гастроэнтеролог, ревматолог, кардиолог, терапевт сынды дәрігерлердің көмегіне жүгінуге мүмкіндік ашылады. Уролог, маммолог, онколог, нейрохирург, травматолог-ортопед, гинеколог, хирург, офтальмолог, отоларинголог қызметін ұсынатын білікті дәрігерлер де тартылған. Зертханалық-диагностикалық бөлімшеде рентген-кабинет, ультратрадыстық диагностика, эндоскопиялық, функционалдык диагностика кабинеттері де жұмыс атқарады. Осы орталық жанынан бактериологиялық лаборатория ашу да көзделген.

Кеншілер қаласындағы орталық аурухана жанынан мемлекеттік жеке меншік серіктестік аясында гемодиализ орталығын ашу бйылға белгіленіп отыр. Үстіміздегі жылы бірқатар медициналық мекемелер күрделі жөндеуден өтпек. Олардың қатарында қалалық емхана, ЖИТС-тің алдын алу және онымен күрес орталығы, балалар үйі мен наркологиялық диспансердің ғимараты бар. Сондай-ақ, Қаражал қаласындағы орталық аурухана мен Сәтбаев қаласындағы №1 аурухана да жөндеуіне ұлытау ауданына қарасты Мибұлақ пен Жыланды ауылдары мен Жаңаарқа ауданының Қараағаш, Бидайық пен Байдайы пен селоларында фельдшерлік-амбулаториялық пункт құрылысының басталауы да үлкен қуаныш. Аймақтағы ақ халаттылардың жалақысын көтеру де назардан тыс қалмаған. «Денсаулық 2016-2019» бағдарламасы шеңберінде алпы тәжірибедегі дәрігерлердің жүктемесі екі мыңнан 1700 тұрғынға қысқарып, түпкілікті нәтижеге қосымша ақы төлеу арқылы көрсетілетін медициналық қызмет сапасын арттыру жоспарланған.

Ләззат Рановаға жолданған алғашқы сұрақ маман тапшылығына қатысты болды. Бұл мәселе тек қала жұртшылығын ғана емес мемлекет басшыларын да алаңдатады. Былтыр 18 жас маман келсе де әлі 12 дәрігердің жоқтығы сезіледі. Бүгінде облыс бюджеті есебінен төгін оқып жатқан 10 маман 2019-2020 жылдары Жезқазған қаласына жұмысқа келмек. Одан бөлек, жыл сайын ұйымдастырылатын жәрмеңкелерден жас мамандарды тарту жалғасын табады. Денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігі бйылғы жылға үміт барын алға тартады. Быыл жеті дәрігерге үй беру мәселесі шешілген. Одан бөлек Жезқазғанды бетке алған 4 жас маманға облыстық денсаулық сақтау қызметкерлерінің «Сенім» кәсіподағы 500 мың теңге көтермеақы бермекші. Сондай-ақ, Жезқазған қалалық орталық аурухана басшылығы тағы 250 мың теңге көтермеақы беруге шешім қабылдады. Бұндай ігіліктердің бәрі жас мамандарды қызықтыруы тиіс.

— Аймақтағы маман тапшылығы өзектілігін жойған емес. Біз жыл сайын жәрмеңкелерге қатысып, жастардың тек үлкен қалада жұмыс істегілері келетінін ұқтық. Жезқазғаннан тәжірибе жинақтаған соң, Астана, Алматыға ауысқан дәрігерлерді де көрдік. Бүгінде қалалық емханаға жеті маман тартылып, олардың тұрғылықты пәтерін емхана өз есебінен жалдауға мәжбүр. Сондықтан маман тарту бойынша жұмысты жоққа шығаруға болмайды, — деп түсіндірді қалалық емхананың директоры Муратбек Әбсалық. Жыл соңына дейін ғимарат күрделі жөндеуден өтіп, 2,3-қабатта еуропалық стандартқа сай перзентхана жасалмақшы. Дегенмен Ләззат Нәбиқызы перзентхананың қазіргі ғимараты жеке меншікке өтпейтінін мәлімдеді. Қазір бұл ғимараттың болашағы облыс деңгейінде шешіліп жатқан көрінеді. Әзірше үш жоба ұсынылған. Перзентхана ғимараты онкологиялық дертке шалдыққандарға арналған хосписке, мейірбикелік көмек көрсету бөлімшесі мен еңбек ардагерлерінің денсаулығын жақсартатын профилакториялық орталыққа айналуы мүмкін.

Брифинг барысында тегін дәрі-дәрмек пен балаларға арналған дәрументтерді ұсығу тәртібі, балалар тіс емханасының аздәрігі және портал арқылы емделу жөнінде де сөз болды. Кездесу соңында Ләззат Ранова мен өзге де медициналық мекемелердің басшылары қандай сұрақ болмасын тұрғындарды қабылдап, ашық жұмыс жасауға дайын екендерін жеткізді.

Диана ОРАЗАЛИНА
Суретті түсірген
Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

ЖАҚСЫНЫҒ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ
ЖАДЫМЫЗДА



Әлемде мамандықтың түрі көп, оның барлығы да қажетті, әрі жауапты, ал дәрігер мамандығы — мамандық атаулының ішіндегі ең қасиеттісі де, ең абыройлысы. Гиппократ антын қабылдаған ақ халатты абзал жандардың қоғамдағы орны аса зор. Дәрігер мамандығының қыр-сырын қанық біліп, анық сол жолды таңдау үшін үлкен жүрек керек. Өмірді әдетте өрнәрсеге теңейді. Сан қилы сынақтардан тұратын адам өмірі ақ халатты абзал жандармен тығыз байланысты. Ауру жанына батып тұрғанда, ең жақын адамға емес, осы ақ халатты жандардың көмегіне жүгінеріміз хақ. Адамның өмірін тікелей жауапты дәрігер қауымынан әрбір пенде қамқорлықты сезгісі келіп, сеніммен барады. Осындай сенімді үлкен жауапкершіліктен атқарып, еліне адал қызмет еткен медицина саласында ойып орын алатын аяулы жандар біздің өңірмізде де баршылық. Солардың бірі, бірегейі — КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, Ленин орденінің иегері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, мамандығының майталман шебері, білікті басшы, Жезқазған қаласы мемлекеттік архивіндегі №386 жеке тектік қор иесі, ел анасы, ақ халатын кір шалдырмаған, антына адал аяулы жан **Күлзәйнеп ИСАТАЕВА**.

Күлзәйнеп Исатаева 1933 жылы 23 желтоқсанда Ұлытау ауданы, Сарыкөңір ауылының Ақши деген жерінде дүниеге келген. 1939 жылы Қарсақбай поселкесіндегі мектепке барып, 1951 жылы Рудниктегі кешкі мектепті тәмамдады. 1948-1951 жылдары №31-32 шахталарда техникалық есеп жүргізушісі болып алғашқы еңбек жолын бастайды. 1951 жылы Қазактың мемлекеттік медицина институтына түсіп, 1957 жылы бітіріп шығады. 1957-1973 жылдары Рудниктегі №3 қалалық емхананың хирург, бөлім меңгерушісі, бас дәрігері қызметтерін атқарса, 1973-1980 жылдары Рудниктегі №3 қалалық емхананың базасында ашылған облыстық емхананың бас дәрігері болып тағайындалады. Ұзақ жылдар «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігінің денсаулық бөлімін басқарып, қаладағы жаңа медициналық орталықтың бас дәрігері қызметін атқарады. Жезқазған, Ұлытау аймағының жұртшылығы ол кісінің Жезқазған қаласы атқару комитеті төрағасының орынбасары, маскүнемдіктен күрес жөніндегі ерікті қоғам облыстық кеңесі төрағасының қызметтерінде жүргенді атқарған орасан зор еңбектерін бір сөз те естен шығарған емес.

Күлзәйнеп Исатайқызының басқаруымен 1991 жылы облыстық «Мұсылман әйелдер одағы» құрылды. Кеп кешкіпей «Мұсылман әйелдері одағының» жанынан «Ақ әжелер» ансамблі мен «Мақпал» шағын тігін кәсіпорны ашылды.

Күлзәйнеп Исатайқызы қасиетті Құран кітабын түпнұсқасынан оқу үшін өз талабымен араб тілін үйренген. 1997 жылы Меккеге қажылыққа барған. Бар өмірін медицина саласына арнаған ел алғысына бөленген Күлзәйнеп Исатайқызының жоғары кәсіби біліктілігі, еңбекке деген адалдығы мен еңбексүйгіштігі үкімет тарапынан бағаланып отырды. Ол 1974 жылы сол кездегі жоғары награда Ленин орденімен марапатталса, 1967 жылы «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісіне ие болады, сондай-ақ, 1967 жылы Никольский поселкесінің, 1973 жылы Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атағын иеленеді. «Соғыс және еңбек ардагері», «КСРО-ға 50 жыл», «КСРО-ға 60 жыл» медальдарының иегері.

Күлзәйнеп Исатаева Рудник комсомол комитетінің бюро мүшесі, поселкелік кеңестің депутаты, Никольский қалалық, Жезқазған

кеңестерінің депутаты, облыстық партия комитеті пленумының мүшесі, облыстық әйелдер кеңесінің мүшесі, облыстық мұсылман әйелдер лигасының төрағасы (1991 жыл), облыстық, қалалық ардагерлер ұйымының пленум мүшесі, ардагерлер бастауаш ұйымының төрағасы сияқты қоғамдық жұмыстарды қоса атқарған еңбекқор жан еді.

Бар өмірін аймағымыздың медицина саласына арнаған Күлзәйнеп Исатайқызының өмірлік серігі Аққошы Түсіпбеков (марқұм) ел алғысына бөленген, өңіріміздің өндірісіне өлеусіз ұлес қосқан ел ағаларының бірі болған. Ордалы отбасында ұл-қыздарын өсіріп, қоғам үшін болашақ үшін адал қызмет етті. 2018 жылдың желтоқсан айында 85 жасқа қараған шағында Күлзәйнеп Исатайқызы дүниеден өтті. Қалың елі аяулы жанды соңғы сапарына шығарып салды.

Елі үшін қалтқысыз қызмет еткен медицина майталманы 1993 жылы мемлекеттік архивке өзіннің құжаттарын алаш рет тапсырған болатын. Архивтегі №386 К.Исатаеваның жеке тектік қорының №1 тізімдесіне 1948-2017 жылдарды қамтитын 68 іс, 241 құжат өңілгізген.

Қор жинақтаушының өткізген құжаттары негізінен шығармашылық және өмірбаяндық құжаттары, «Тастанды балалар тағдыры толғандырады», «Дұрыс тамақтанғаның дені сау», «Мұсылманшылық — әйел көрі» атты «Жезқазған туы», «Мысты өңір» газеттерінде жарық көрген мақалалары, жарына арнаған «Ақкөк» кітабы, өзінің өмір бөлестері жайында жазылған «Жылдар мен жолдар» атты естелік кітабы, Ө.Мұқановтың, И.Бекмаханұлының қор жинақтаушы жайында жазған мақалалары, Алматы қаласында өткен бірінші дәрігерлік-санитарлық көмек көрсету халықаралық конференциясының күнделігі, «Қазақстан мұсылман әйелдері» қоғамдық бірлестігінің жарғысын тіркеу туралы куәлігі, ақ алмасулары, жеке басының куәліктері, фотоқұжаттары, мақтау қағаздары мен алғыс хаттары сақталған. Осындай мол мұра иегері, медицина саласының ардагері Күлзәйнеп Исатайқызының жарқын бейнесі ел есінде мәңгі сақталмақ. Артында қалған ұрпағына берекелі өмір тілейміз.

Жаңауыл ОСПАНОВА,
Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар, ақпарат және құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің архивісі

ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДЕМЕЛЕР АРТА ТҮСЕДІ



саяси санасы жетіліп, партиямыздың әрбір бастамасы жастарымызға қанат бітіріп, шабыттандыра түсуде. Партияның 20 жылдық тарихында қазақстандықтар оның көптеген жасампаз істерінің куәсі болды. Өз бастамалары арқылы партия еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін берді. Батыл әрі маңызды реформалар жасалғанының арқасында іргесі берік мемлекет құрылды. «Nur Otan» партиясының кезекті XVIII съезінде де ел тағдырын шешетін маңызды бағдарлама қабылданды. Бұл бағдарлама алдағы таяу 10 жылда еліміздің түрлі салада қарыштап алға қдам басуына зор ықпал етеді. «Партия бағдарламасының алдағы онжылдықтағы атқарар қызмет аясындағы өз мақсатын, әрбір қазақстандықтың өмір сүру деңгейін сапалы арттыру мен елімізді жүйелі жаңғыртуға батыл ықпал етуге бағыттал отыр. Сонымен қатар, партия бағдарламасы отбасыларды қолдауға, ата-аналарға қаржылай көмек көрсету деңгейін арттыру мен көпбалалы отбасыларға әлеуметтік қолдау жұмыстарын іске асыруға ықпал етуді басты басымдық ретінде қабылдап отыр. Біздің колледжіміздің ұстаздар және студенттер қауымын Ел-басымыздың бастамасы арқылы партия бағдарламасында көпбалалы отбасыларға, кембағал жандарға және зейнеткерлерге берілетін жәрдемақы көлемін ұлғайту мәселесі қаралғандығы және жұмысшылардың жалақысын көтеру, елді баспанаман қамту, жастарға сапалы білім беру мәселелері де қамтылып, отандық медицинаны дамытуға да ерекше көңіл бөлінгендігі қуантады.

«Nur Otan» партиясы сөздің емес, істің партиясы екендігін, әрдайым халықтың мұң-мұқтажы мен жағдайын ойлайтындығын тағы да дәлелдеп отыр. Елбасымыздың басқаруымен партиямыз елмен бірге алға өрлей беретініне толық сенімдіміз!

«Жезқазған қаласы медициналық колледжінің» КМК ұжымы

ЕРЕЖЕП АЙЫ — ЕРЕКШЕ АЙ



Ережеп айы быыл 8 наурызда басталады. Ережеп айы — Исламдағы ұлық айлардың бірі. Алла тағала Құран Кәрімде (Тәубе сүресі, 36-аят): «Тегінде, аспан мен жер жаратылған күннен бастап, Алла Тағала айдың санын он екі етіп белгілеген. Оның төртеуі — (зу-л-қағда, зу-л-хиджа, мухаррам, ражәб) соғысуға тыйым салынған айлар. Дінде бұл дұрыс. Бұл айларда сендер өздеріне зиян жасамандар» деген. Алланың Елшісі с.ғ.с. айтты: «Алла үшін айлардың жақсысы — ережеп айы. Ережеп — Алланың айы. Кім оны ұлықтаса,расында Алланың ісін ұлықтаған болады. Кім Алланың ісін ұлықтаған болса, ол нығметтерге толы жәннатқа кіреді. Оған Алланың разылығы түседі. Шағбан — менің айым. Кім оны дәріптесе, расында менің ісімді дәріптеген болады. Кім менің ісімді дәріптеген болса, қиямет күні мен оның алдынан қарсы аламын және де ол үшін ахиреттің сыйы боламын. Рамазан айы — менің үмметтің айы. Кім бұл айды құрметтесе, оның бағамын дәріптесе және оның шегінен шықпаса, күндізін оразамен, түнін құлшылықпен өткізсе, Рамазан айы шықпаша күнәлі істерден сақтаса, Алланың одан сұрар күнәсі қалмайды». (Канзул умма №35217).



ғаламның жаратушысы Алла Тағаланың қасиетті еткен мекендері іспеттес қасиетті еткен уақыттары да бар. Яғни, Алла Тағала қалаған жаратылысын шексіз рахымына бөлейді. Он екі айдың ішіндегі ең қасиетті де құрметті төрт айдың бірі — ережеп айы. Бұл ай таубе, құрмет және ғибадат, ал рамазан айы жақындық пен нығмет айы болып табылады. Биылғы жылы ережеп айы 8 наурыз күнінен бастап бастау алады. Осы күнге жеткізген Аллаға шүкір! «Ережеп» сөзі араб тілінен ұлықтау, мадақтау деген мағынаны білдіреді. Бұл айда ұрыс-керіс, жанжал болмайды, таубе еткен жандарға Алланың рақметі мен мейірімі ерекше мол төгіледі. Сондықтан осы ережеп айын босқа өткізіп алмай, Алланы көбірек еске алып, біліп-білмей істеген қателеріміз үшін кешірім сұрап, таубеге келіп, Құран оқып, ілім үйренумен өткізігеніміз жөн. Осы ережеп айында ораза ұстаудың пайдасы өте көп. Егер де кімде-кім осы ережеп айында ораза ұстаса олардың күнәлерін Алла кешіреді. «Кімде кім ережеп

МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Медициналық сақтандыру — халықтың ден-саулығын қорғау жүйесі. Қордағы қаражат есебінен азаматтардың тегін медициналық көмек алуына кепілдік беруді көздейді. Барлық деңгейдегі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын тегін денсаулық сақтаудан медициналық сақтандырудың айырмашылығы осында. Медициналық сақтандыру міндетті және ерікті сақтандыру жолымен жүзеге асырылады. Міндетті медициналық сақтандырудың бір бөлігі болып табылады және мұнда сақтандыру жарналары жұмыс істеуші азаматтар үшін кәсіпорынның, ұйымның, басқа да жұмыс берушілердің қаражатынан төленеді, ал еңбекке жарамсыздар, жұмыссыздар үшін тиісті деңгейдегі бюджеттерден қаражат аударылады. Ерікті медициналық сақтандыруда сақтандыру тарифтері сақтандырушы ұйым мен медициналық мекеме арасындағы келісім бойынша белгіленеді. Сақтандыру шартта рын азаматтар жеке өзі жасайды немесе олар сақтандыру жарнасын кәсіпорынның, ұйымның, тағы да басқа пайдасынан төлеу жолымен жұмысқанысында жасалуы мүмкін. Еңбекшілердің өз қаражатынан төленетін ерікті медициналық сақтандыру бойынша неғұрлым жоғары деңгейде медициналық көмек көрсету көзделеді. Арнаулы медициналық сақтандыру қорларына аударылатын міндетті не ерікті сақтандыру жарналары денсаулық сақтау мекемелерінің сақтандыру бойынша медициналық қызмет көрсетуін қаржыландыру көзі болып табылады. Азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру үшін дербес коммерциялы емес қаржы ұйымдары ретінде жалпы ұлттық не аумақтық міндетті медициналық сақтандыру қорлары құрылады. Әрбір сақтандырылушы елдің кез келген аумағында медициналық көмек алуға кепілдік беретін медициналық полис алады. Мемлекеттік және жергілікті денсаулық сақтау мекемелерінің қаржыландыруға аударылған қаражатқа салық салынбайды.

Медициналық сақтандыру — бұл жұмыс берушілердің, азаматтардың сақтық жарналарымен бюджеттік қаражаттар есебінен сақтандырылған адамдарға зияндық орнын өтеу үшін және медицина мекемелерінің шығындарының өтемақысын төлеу үшін ауырған қаражат алған жағдайда денсаулықты қаржыландыру жөніндегі қатынастар. Ол әлеуметтік бағдарланған экономикасы елдердің сақтық қорғауы тұтас жүйесінің міндетті атрибуттарының бірі болып табылады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі халық үшін қаншалықты тиімді екеніне тоқталар болсақ, жалпы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі істейтін жеріне және әр адамның жеке жауапкершілігіне тәуелді. Бұл жүйе баршаға теңдей мүмкіндік береді. Яғни, азаматтардың бәріне бірдей, бірінғай пакет ұсынылады. Мұнда жарнаны өркім өз мүмкіндігіне қарай төлейді, ал медициналық көмекті қажеттілігіне қарай алады. Жүйеге қатысып, жарна төлейтін азаматтар жоғары технологиялық көмек түрлерін тегін пайдалануға мүмкіндік алады. Оның үстіне, бұл жүйеде сақтандырылған азаматтар кез келген клиниканың жәрдеміне жүгіне алады. Мұндай жағдайда медициналық сақтандыру қоры клиниканың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті аясында қызмет көрсетуге кеткен шығындарын жауып береді. Екіншіден, сақтандырылған азамат кепілдендірілген тегін медициналық көмек пен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеттері аясындағы медициналық көмек үшін қосымша төлемдердің барлық түрлерінен босатылады. Үшіншіден, медициналық сақтандыру қоры тарапынан фармацевтикалық қызмет көрсететін ұйым ретінде таңдалған кез келген дәріханадан кеңейтілген тізім бойынша дәрі-дәрмек ала алады. Төртіншіден, сақтандырылған азаматтың ай сайын өз атына аударылған жарналар мен медицина мекемелерінде көрсетілген көмек жайлы мәлімет алуға мүмкіндігі бар. Бесіншіден, медициналық сақтандыру қоры болашақта медициналық қызмет сапасы төмен болып жатса немесе міндетті сақтандыру жүйесіне қатысушының құқығы бұзылған жағдайда, сақтандырылған азаматтардың құқығын қорғайтын болады.

Медициналық сақтандыру сақтандыру жүйесінің маңызды құрамды буыны болып табылады және қоғамдық өндірістің аса маңызды факторы — еңбек ресурстарының удайы толықтырылуының әлеуметтік-экономикалық үдерістерінде оның рөлі салмақты. Бұл рөл медициналық сақтандыру қорларының жұмыс істеуінің қағидалық ерекшеліктерінен негізделген: қалыптастырудың қоғамдық ынтымақтастығы, іс-өрекеттің орталықсыздандырылуы (бөлшектенуі), ұйымдастырудың міндетті нысаны — бұлар барлық азаматтарға қажетті медициналық көмек берудің кепілдіктерін қамтамасыз етеді.

Әдиша ӘБДИЛДӨ,
«Әбілдинова» ЖШС басшысы

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Айгүл ДЮСЕНБАЕВА!

Құрметті №14 «Балдырған» бөбекжайының директоры

Айгүл Дюсенбаева! Сізді 8-наурыз Аналар мерекесімен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілейміз. Гүлдей болсын өміріңіз, Нұрға толсын көңіліңіз. Биік болып жұлдызыңыз, Көктемдей құлпырыңыз Бақыт қонсын басыңызға Қолдап жүрсін тәңіріңіз, – деп тілейді ұжымыңыз!



Құрметті ханымдар!

«Saryarqa» газетінің ұжымы газетіңіз оқырмандары – ардақты аналар мен ару қарындасарды 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтайды! Көктемнің тамаша мерекесінде Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ өмір, молшылық пен ырыс-береке тілейміз! Шаңырақтарыңыздан шаттық үзілмей, жүздеріңіз бал-бұл жанып жүре беріңіздер!

БӘРЕКЕЛДІ!

«ШАШУ» – ФЕСТИВАЛЬ ЖЕҢІМПАЗЫ

Екінші мәрте ұйымдастырылған республикалық «Шашу» фестивалі биыл кеншілер қаласында өтті.



Жезқазған қаласының намысын қорғаған Халықтар достығы мен мәдениеті үйінің өнерпаздары екі номинация бойынша өнер көрсетті. Хореография аталымына қатысқан «Шашу» халықтық ансамблінің орта топ бишілері «Кербез ару» биімен көрермен қауымды тәнті етіп, жүлделі I орынды иеленсе, осы ансамбльдің жоғары тобы жүлделі II орынды жеңіп алды. Бұған дейін де талай республикалық, халықаралық бейгелерде бағы мен бабы қатар шауып жүрген «Шашу» би ансамблі қыздарының жеңісі ансамбльдің жетекшісі Жанна Бекжанова мен хореограф Елена Раковскаяның тынымсыз еңбегінің арқасында екендігін айта кеткен жөн. Би өнерінің қыры мен сырына жетелеп жүрген ұстаздарына жас бишілердің де айтар алғысы ерекше. Ал вокал жанрында «Бұлбул» өнін жоғары деңгейде орындаған Жанна Әбішева бас жүлдені жеңіп, Астана қаласында өтетін халықаралық III «Шашу» өнер фестивалінде өнер көрсетуі мүмкіндік алды. Вокал үйірмесінің жетекшісі Әсел Ахметжанова шәкірті Жаннаның халықаралық байқаудан да жүлделі ораларына көміл сенеді. Өйткені, оның бойында тұма талант пен жеңіске деген жігер бар. Ендеше, Жаннаға мысты өлке абыройын асқақтатып қайтуға тілектестік білдіреміз.

Өз тілшіміз

АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫН АБЫРОЙМЕН ӨТЕУДЕ

Қарағанды облысынан әскер қатарына шақырылған сарбаз Нұрасыл Бақытжанұлы Бексейітов Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қүзет қызметі объектілерді қорғау қызметінің Астана қаласында орналасқан «Айбын» Президенттік полкі» 0112 әскери бөлімінде жауынгерлік міндетін өтеуде.

«Айбын» Президенттік полкі» 0112 әскери бөлімі – Қазақстан Республикасы Президентінің және бірінші тұлғаларының қауіпсіздігін, маңызды мемлекеттік нысандардың күзетін жүзеге асыратын алдыңғы қатарлы әскери құрылым. Бұл құрылымның қатарында мерзімді жауынгерлік қызмет атқару – сарбаздар үшін үлкен абырой, асқан жауапкершілік. Аталған бөлімнің жеке құрам қатарына еліміздің түпкір-түпкірінен, әр облыстардан денсаулық жағдайы, мінез-құлқы, жеке қасиеттері тұрғысынан үздік деп танылған жастар таңдалып алынады.



Жақында Астанадан Нұрасыл Бексейітов қызмет өткізіп жатқан әскери бөлімнен арнайы хат келді. Бөлім командирі Бейбіт Өтеуов қол койған хатта жауынгер Нұрасылдың әскери бөлім сапындағы қызметіне жоғары баға берілген.

«Нұрасыл Бексейітовтың президенттік полк сапынан табылғаны – оның туған өлкесінде: отбасында және мектебінде, оқу орны мен еңбек ұжымында алған білімі мен тәрбиесінің жемісі деп білеміз. Кезекті шақырылым кезінде үздік жастардың біздің құрылым қатарына таңдалып алынуы – Сіздің аймақтағы жергілікті Қорғаныс істері жөніндегі басқарманың тиянақты жұмысының нәтижесі екенін де айта кету керек» делінген ол хатта.

Жауынгерлік борышын ерекше әскери бөлімде абыроймен атқарып жатқан Нұрасыл Бақытжанұлы 1999 жылы 30 желтоқсанда Қарағанды облысы, Сәтбаев қаласында дүниеге келген. Сондағы №3 жалпы орта мектептің түлегі. 2018 жылы Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжін бітіргеннен кейін әскер қатарына шақырылған.

«Ол әскери қызметінің бірінші күндерінен бастап, жауынгерлік өмірдің қыр-сырын үйренуге зор ынтымамен кірісті. Отанға деген жоғары патриоттық сезімімен қарулас достарына үлгі-өнеге бола білді. Өзіне жүктелген міндеттерді атқару кезінде ол белсенді, жауапты азамат ретінде танылды. Сөзі мен ісі жарасқан, еңбекқорлығымен қатар қарапайым мінезге ие. Жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық дайындық сабақтарында командирлерінен үйренген білімін қызмет барысында дұрыс қолдана біледі. Жауынгерлік дайындық нормативтерін әрдайым ең үздік бағаға орындайды. Өзіне сөніп тапсырылған қарудың құрылымын, тактикалық-техникалық сипаттамасын, қызмет көрсету тәртібін жетік меңгергендіктен атыс даярлығында үздік нәтижелер көрсетіп жүр. Жауынгерлік кезекшілікте әрдайым қырағылық танытып, әскери міндеттерін жауапкершілікпен атқарғаны үшін бірнеше рет марапатталған», – деген бөлім командирі сарбаздың жақсы жетістіктері жету жолына үлес қосқан ата-анасы, жақындары, өскен ортасы, мектебі мен оқу орнының ұжымына алғысын білдіреді.

Еліміздегі элиталық құрылым Мемлекеттік қүзет қызметінің президенттік полкында мерзімді әскери қызмет атқарып жүрген Нұрасыл бауырымызға біз де жауынгерлік міндетін ойдағыдай аяқтап, елге абыроймен оралуын тіледік.

Өз тілшіміз

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – БАЛАЛАРҒА

Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің көрме залында музей ұжымы мен демеушілердің ұйымдастыруымен «Менің сүйікті анашым» атты қайырымдылық акциясы өтті.

Көрмеге дәстүрлі сурет техникасынан басқа мақта таяқшаларың қағаз майлық, ермексаз, дөңді дақылдарды қолданып жасаған туындыларға еріксіз көзің түседі. Әр автор өз туындысын ерекше ыждағаттылықпен, ұқыптылықпен жасағаны көрініп-ақ тұр. Бұндай ерекше туындылар көріп оларды балалар жасады деп айту тіпті қиын. Жай балалар емес, ерекше балалар дайындаған.

Қайырымдылық акцияның басты мақсаты – ерекше балалардың өздігінен дүниені тану, шығармашылық қабілеттері, көркемдік өнерлерін таныту және жоба демеушілерінің көмегімен балалардың ата-анасына моральдық және материалдық көмек көрсету. Сонымен қатар, қоғамда жалпы қабылданған стереотиптерді бұзу, мүмкіндігі шектеулі балалар да өз талабы мен мүмкіндіктері бар балалар екенін көрсету. Физикалық даму ерекшеліктеріне қарамастан, олар талантты және креативті, спортта және шығармашылыққа өздерін толық көрсете алады, тіпті кейде өз қатарластарын басып озады да.

Өкініштісі сол, елімізде ауыр диагнозды арқаалаған балалардың саны көбейіп келеді. Бұл тек балаға емес, оның ата-анасына да оңай сынақ емес. Бірақ, өзінің сырқатына қарамастан өмірге күле қарап, болмашы нәрсеге шын қуана білетін мықты, рухты азаматтарда баршылық. Өйткені, олардың туғандары мен жақындары теріс айналып керісінше, оған қолдау білдіреді. Қоғамда арбаға таңылған немесе жүріп-тұрып қиын адамдарға үрке қарайтындар да бар. Олардың түсінігінде ерекше адамдар туғандарына өмір бойы масыл болады.

Акция осы балаларға аяушылық білдіру мақсатында емес, керісінше олардың да қоғамның бір мүшелері екенін еске салуды көздегенді болды. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік қорғау мен көмек қолы қажет екендігін де ұмытпаған жөн екенін сезіндіргендей әсерде қалдырды.

Ігі шараның ашылуына қатысқан қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова сөз сөйлеп, жиналғандарды Алғыс айту күнімен құттықтады. Шара мерекелік концертпен ұласты. Қаламыздың болшақ жарық жұлдыздары Диана Еркін мен Нұрғанын Сарыбасова ән шырқап, демеушілердің атынан қуыршақтар мен сабынды көпіршіктер шоуы ұсынылды. «Аэлиталық» кішкентай бишілер де өнерлерін көрсетті.



30 баланың туындылары ұсынылған көрмеге «Аялы алақан» мүмкіндігі шектеулі балалардың күндізгі орталығы, «Нұр» мүмкіндігі шектеулі балалардың күндізгі дамыту-оңалту орталығы және психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің тәрбиеленушілері қатысты. Музей басшысы Раушан Қаларова аталған мекемелердің басшыларына Алғыс хат табыстады. Оған қоса, Раушан Оңқонысқы демеушілер және олардың отбасыларына 1 наурыз-1 сәуір аралығында музей залдарын ақысыз түрде тамашалау үшін «VIP» карта табыстады.

Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова мен жас кәсіпкер Айттолқын Қанатқызы салтанатты түрде лентаны қиып, көрмені ашып берді. Демеушілер балаларға қуаныш сыйлау үшін залды әсем шарлармен безендіріп, тәтті дәмділерден ауыз тигізіп, ұмытылмас кеш сыйлады. Сондай-ақ, қайырымдылық шараға қатысқандар көрмеден орын алған туындыларды сатып алды. Одан түскен қаражат ерекше балалардың ата-аналарына берілді.

Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА



Қайырымдылықтан кенде емес халқымыз жесірін қаңғытып, жетімін жылпатпаған. Бүгінде осынау асыл қасиет атадан балаға берілген. Бұған күнделікті өмірде жомарт жандардың көмегіне зәру адамдардың жанынан табылып, дөмп жатқан сәттерінен күміз. Бір құантарлығы біздің жастар да қайырымдылық жасауға асық. Алғыс айту мерекесі қарсаңында «Жас Ұлан» біріншілік балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Қарағанды облыстық филиалы көмелет жасқа толмағандарды бейімдеу орталығы ұжымымен бірлесіп қайырымдылық шарасын ұйымдастырды.

ЖАСТАР ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ



Мерекелік шараға Мәруа Құлышева атындағы балалар үйі, №9 мектеп-интернаты мен көмелет жасқа толмағандарды бейімдеу орталығының тәрбиеленушілері арнайы шақырылды. Аның мейірімнің өкени қамқорлығынан қағылған балалардың жүзінде күлкі айрылтып, сәл де болса басындағы ауырталық пен ішіндегі уайымды ұмыттыруды мақсат тұтқан «жасуаландықтардың» бұл ойы орындағды десе болады. Ересектеулері басында өздерін жинақы ұстауға тырысқанмен, сондай балалық шақтың қызықтылығын сүңгіп, ерекше әсерге бөленді. Бір мезетке бәрін ұмытқан балалар сүйікті мульт кейіпкерлерімен би билеп, ән шырқады. Көңілді ойындарға кірісті. Кештің қонағы болған «Аэлита» би ансамблі түрлі заманауи билерді билеп, жиналғандарға көтеріңкі көңіл күй сыйласа, тәрбиеленушілер өз өнерлерін ортаға салды. Бірі әуелете ән шырқаса, екіншісі жүректі тебірентіп, өлең оқыды. Сонымен қатар, бауырдай болып кеткен балалар бір-біріне, анасындай болуға тырысқан тәрбиешілері мен білім нәрімен сусындатқан ұстаздарына алғыстарын жаудырды. Мереке соңында балалар тәтті толы дастарқан басына жайғасып, мәз-мейрам болысты.

– Қайырымдылық шарасын өткзудің екі мақсаты бар. Біріншісі, ата-ана қамқорлығының қалған балаларға қуаныш сыйлау болса, екіншісі жасуаландықтар ескеңең ұрпақты сыйластыққа баулып, олардың жанын қайырымдылық жасауға құмар етуді көздейді, – деген «Жас Ұлан» біріншілік балалар мен жасөспірімдер ұйымының Қарағанды облыстық филиалы төрағасы Нұрболат Құлбай Жезқазған мен Сәтбаев қаласындағы барлық жігерлі жастарды сауапты істен құр қалмауға үндейді.

Бота ШАЛҚАР

ӘДЕБИ КЕШ

АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛДЫ

Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 толуына орай «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы» атты әдеби-шығармашылық кездесуі өтті.

Биыл қазақ руханиятының «Үш бәйтерегі», ұлтжанды ұлдары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлиннің туғанына 125 жыл толмақ. Өмірлері қысқа, тағдырлары ауыр болса да, артта қалған ұрпаққа ғибратты да мәнді туындылар мирас еткен «үш арыстың» осы мерейтойы қарсаңында республиканың түпкір-түпкірінде ауыз толтырып айтарлықтай іс-шаралар өткізілді. Сәкен Сейфуллин – қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі. Қазақ КСР-нің Халық комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы.

Музейде өткен тағылымдық кеш өскелең ұрпақты ақынның өмірі мен шығармашылығын оқып-білуге баулу, оның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын таныту арқылы ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуді көздеді.

Республикалық Ә. Қашаубаев атындағы байқаудың жүлдегері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Ғалым Мұхамедин, Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Алмагүл Үмбетова, С. Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлері, №8 қазақ гимназиясы және №1 орта мектептің оқушылары және музей қызметкерлері қатысқан әдеби-танымдық жиында ақынның өмірбаяны жайында бейнесюжет ұсынылды. Сонымен



қатар, артына өшпестей мұра қалдырған Сәкеннің әндері мен жырлары да тыңдалды. Домбыраны сөйлете білетін Ғалым Мұхамедин ақынның өнін орындап, қатысушылардың ыстық ықыласына бөленді. Сәкеннің ел аузында кеңінен танылмал поэзиялық туындылары, шығармашылығын ерекше бағалайтын жастар мәнерлеп оқып берді.

Сара ТЕМІРФАЛИ

КРИМИНАЛИСТИКА ҚЫЗМЕТІНЕ 100 ЖЫЛ

Жезқазған қалалық полиция басқармасында криминалистика қызметіне 100 жыл толуына орай салтанатты шара ұйымдастырылды. Мерекелік жиынға полиция басқармасының жеке құрамы мен осы саланың ардагерлері қатысты.

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МЕДАЛЬ ТАҚТЫ



Мемлекеттік Гимн шырқаудан басталған іс-шараның шымылдығын Жезқазған қаласы полиция басқармасының басшысы, полиция полковнигі Амангелді Құрманов өз құттықтауымен түрді.

– Полиция қызметінде криминалистика саласының алатын орны

ерекше. Қылмысты ашу ісінде бұл қызмет үлкен жұмыс атқарады. Бүгінгі күні криминалистердің мұқият және ойластырылған жұмысының арқасында ең күрделі қылмыстар ашылууда. 1919 жылдан бері елімізде криминалистика қызметі күні аталып өтуде. Баршаңызды осы саланың ғасырлық мерейтойымен құттықтап, ауырталпығы көп істеріңізге сәттілік тілейміз, – деген басқарма бастығы мерекелік марапаттауды бастады.

«Криминалистика қызметіне 100 жыл» мерекелік медалі алғашқы болып ардагерлердің кеудесіне тағылды. Саналы ғұмырын қылмысты ашу мен алдын жасау қатары көбейген. Қаладағы қылмыстық ахуалдың тұрақтылығы мен қылмыстардың ашылуына үлес қосып жүрген Жандос Батыр, Марғұлан Тақауов, Ахмет Балғабай, Мағжан Аймурзин, Нұржан Құлжабеков пен Ерболат Аманбаевқа, Медет Үсембаевқа да мерекелік медаль тапсырылды. Одан кейін үлгілі қызметімен ерекшеленген криминалистика бөлімінің бірқатар қызметкерлеріне облыстық полиция департаменті мен Жезқазған қалалық полиция басқармасы бастығының Алғыс хаттары тапсырылды.

Мерекелік концертке ұласқан салтанатты жиында ішкі істер саласының ардагері Серікхан Сұлейменов сөз алып, жас криминалистерге ағалық кеңесін беріп, әріптестерін құттықтады.

Бота ШАЛҚАР

Суреттері мүсірген Ғалия ӘБДИҒАПТӨМБЕК

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

ЖАҢА ӘЛІПБИ – ЖАҢАРУДЫҢ КІЛТІ

Заман талап еткен латын әліпбиіне көшу қазақ тілін жаңа белеске бастайды. Бүгінде бұны барша қазақстандықтар ұғынып, еліміздің түпкір-түпкірінде латын графикасындағы қазақ әліпбиін насихаттау мен меңгеру қарқынды жүргізілуде. Осы орайда Қарағанды облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының қолдауымен Жезқазған қаласындағы 44803-Д әскери бөлімінде де аталған бағытта көшенді шаралар қабылданған.

Жезқазған қаласы «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының латын графикасына негізделген қазақ тілінің оқытушысы Айжан Ералиева «Latynsha jazyp dadyulanamuzy» атты тақырыпта тренинг өткізді. Әскери қызметшілерге тренинг барысында латын әліпбиіне көшудегі басты мақсат түсіндіріліп, олардың көкейінде жүрген сұрақтарына нақты жауаптар берілді. Сонымен қатар, жақын болашақта қолданысқа енгізілетін жаңа әліпбидегі қаріптермен танысып, мәтін жазу арқылы дағдыларын қалыптастырды. Және оқып та үйренді. Дегенмен, осы тапсырмаларды орындау барысында әскерилерге латын графикасындағы

әліпби қиындық тудырмады. Өйткені, бүгінде бұл әліпбидің қолданыс аясы кеңейіп, көпшіліктің көзі үйренген. Тренинг әскери қызметшілердің латын әліпбиіне деген қызығушылығын жаңа қырынан ашты десек, артық айтқандық емес.

Біз, әскерилер, Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғары Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев баслап, жақын болашақта ұсынылған бағыт пен бағдардың дұрыстығына сөзсіз сенеміз. Өйткені, бұл жаңашылдықтар елімізді өлменің үздік отыз елі қатарына қосып, қазақстандық патриотизмді нығайту мен дамытуға бағытталған. Осы оңды әрі



қарымды бастамаларды назарға алып, алдымызға қойылған кез келген тапсырманы орындап, елге қызмет ету біздер үшін үлкен мәртебе.

Әскери бөлім басшылығы атынан Жезқазған қаласының «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының басшылығына және латын графикасына негізделген қазақ тілінің оқытушысы Айжан Рүстемқызына алғыс білдіріп, ел үшін еткен еңбектеріңізге толағай табыстар тілейміз.

Жеңісбек БАЛАБЕК,
44803-Д әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары